



*Приказом № ОД-152 от 16.03.2020 г.:  
изменены пункты 1.16, 3.37, 7.22, 7.57, 8.36  
введены пункты 3.46, 5.72, 5.73, 6.28, 7.154, 7.155, 12.20  
исключены пункты 8.48, 8.51*

*Приказом № ОД-224 от 11.05.2020 г.:  
Изменены пункты 3.46, 5.72, 5.73, 6.28,  
7.22, 7.57, 7.154, 7.155, 12.20*

**БЕКІТЕМІН**

М.Қозыбаев атындағы  
СҚМУ-дың ректоры

С. Өмірбаев  
2019 ж. «06» «09»



## АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

### Кіріспе

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (бұдан әрі М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметтерін көрсететін Солтүстік Қазақстанның ең ірі өңірлік білім, ғылым және мәдениет орталығы.

Университет Қазақстан Республикасының ең көне жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Ол 1937 жылы Петропавл мұғалімдер институты ретінде құрылған. Өзінің 80 жылдық тарихында М. Қозыбаев атындағы СҚМУ мұғалімдер институтынан көпсалалы университетке дейінгі жолды жүріп өтті.

1939 жылы Петропавл мұғалімдер институтына мемлекеттік мәртебе берілді, ал 1945 жылы ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің есімі берілді. 1955 жылдан бастап университет К.Д.Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институты ретінде жұмыс істей бастады. 1994 жылы К.Д. Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институты Солтүстік Қазақстан университеті болып қайта құрылды. 1996 жылы Солтүстік Қазақстан университеті мен жоғары техникалық колледж бірыңғай жоғары оқу орны – Солтүстік Қазақстан университетіне біріктірілді. 2001 жылы Солтүстік Қазақстан университетіне мемлекеттік ЖОО мәртебесі берілді, ал 2003 жылы атақты тарихшы-ғалым, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері академик Манаш Қозыбаевтың есімі берілді.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ бакалавриат, магистратура және PhD докторантура) бағдарламалары бойынша жоғары білікті кадрларды үш деңгейлі даярлауды жүзеге асыратын классикалық университет.

**М. Қозыбаев атындағы СҚМУ миссиясы** Солтүстік Қазақстан аймағының инновациялық дамуына ықпал ететін білім беру, ғылым және мәдениеттің интеллектуалдық орталығы болу.

**М. Қозыбаев атындағы СҚМУ көрінісі:** Қазақстанның ең үздік көп салалы жоғары оқу орындарының ондығына кіру; бірыңғай ақпараттық-аналитикалық, ғылыми-инновациялық және білім беру ортасын дамыту; академиялық құндылықтарды сақтау және кәсіпкерлік мәдениетті дамытуда әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу; бітірушілердің зерттеу дағдылары мен қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыру; Қазақстанның дамуы үшін қазіргі қоғамда өзін-өзі көрсете алатын патриот азамат тұлғасын дамыту.

Университет білім берудің 10 саласы бойынша білікті кадрлар даярлауды жүзеге асырады, олар: Педагогикалық ғылымдар; Өнер және гуманитарлық ғылымдар; Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат; Бизнес, басқару және құқық; Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика; Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары; Ауыл шаруашылығы және биоресурстар; Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина); Қызметтер.

Университет құрылымына 8 факультет (Тіл және әдебиет институты, Жоғары медицина мектебі, Инженерия және сандық технологиялар факультеті, Агротехнологиялық факультет, Тарих, экономика және құқық факультеті, Педагогикалық факультет, Математика және жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Foundation» факультеті), 32 кафедра (соның ішінде Әскери кафедра, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы, «Ішкі аурулар» клиникалық кафедрасы) кіреді.

ЖОО-да лайықты материалдық-техникалық база, жоғары ғылыми және кадрлық әлеует қалыптасты, заманауи ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқу және ғылыми зертханалар жұмыс істейді.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да жоғары ғылыми және кадрлық әлеует қалыптасып, заманауи ақпараттық технологиялар дамуда, инновациялық оқу және ғылыми зертханалар (микробиология, цитология және гистология, анатомия, физиология, адам морфологиясы, «Робототехника», нанотехнология және атом-күштік микроскопия, оптика, атом және ядролық физика, эксперименттік физика, азық-түлік өнімдерінің технологиясы, «Топырақ құнарлылығының және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалау» және т.б.), IT-орталық, Студенттерге қызмет көрсету және тіркеу орталығы (бір терезе принципі бойынша) жұмыс істейді. Студенттерге бағытталған білім беру, оқыту, және бағалау қағидатына негізделген білікті кадрларды оқыту және даярлау үшін барлық жағдайлар жасалған.

### **Академиялық саясаттың негізгі ережелері**

«Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» және «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Ұлт жоспарының 78 қадамын орындау, экономиканың қазіргі заманғы салаларының даму деңгейіне және қазіргі еңбек нарығының талаптарына жауап беретін кадрларды даярлау сапасын жетілдіру мақсатында Назарбаев Университетінің тәжірибесі ескеріле отырып, ҚР ЖОО-ларына 2018 жылы академиялық, басқарушылық және қаржылық дербестік берілді.

Академиялық еркіндік М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға студенттерді қабылдау, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар контингенті арасындағы ара қатынасты белгілеу, ПОҚ кадрлық құрамын қалыптастыру, білім беру бағдарламаларының, пәндердің құрылымы мен мазмұнын анықтау, білім беру бағдарламалары мен дайындық бағыттары бойынша студенттер контингентін қалыптастыру мәселелерін шешуде еркіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар ЖОО-лардың өз қызметінің нәтижелері үшін, мамандарды даярлау сапасы үшін қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін, жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу процесін үнемі жетілдіруге, интернационализацияны кеңейту, білім беру бағдарламаларын ілгерілетіп білім берудегі қызмет көрсетулерді экспорттау арқылы университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Болон декларациясына және білім саласындағы басқа да халықаралық құжаттарға сәйкес, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ 2004 жылдан бастап бакалавриаттың, магистратураның, докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлаудың үш деңгейлі жүйесімен оқытудың кредиттік технологиясын енгізіп, жүзеге асыруда.

ЖОО-ның академиялық дербестігін жүзеге асырудағы негізгі құжаттар: Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары, Академиялық саясат және Академиялық адалдық саясаты.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың нақты Академиялық саясаты студенттерге бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру

қызметін жоспарлау мен басқару және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар мен ережелер жүйесін білдіреді.

Ұсынылған Академиялық саясат білім беру бағдарламаларын таңдау саясатын; қабылдау саясатын; университеттің академиялық қауымдастығының өзара қарым-қатынас саясатын; білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу саясатын; оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру саясатын; кәсіби практиканы ұйымдастыру және өткізу және практика базасы ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) анықтау саясатын; білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясатын; қайта оқуға қабылдау, ауыстыру, оқудан шығару және академиялық демалыстар беру саясатын; академиялық ұтқырлық саясатын, интернационалдандыру саясатын; кәсіптік бағдарлау саясатын, түлектердің жұмысқа орналасуы және олардың мансаптық өсуін қамтамасыз ету саясатын; дуальді оқыту элементтерін іске асыру саясаты қамтиды.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Академиялық саясаты – академиялық адалдық, ішкі сапа кепілдігі, инновация және интернационализация принциптеріне негізделген.

Академиялық саясат университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың орындауы үшін міндетті. Академиялық саясат талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және жоғары оқу орнының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес университеттің лауазымды тұлғаларына, ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларына тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға негіз болып табылады.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың академиялық саясаты университеттегі басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнаманың негізінде әзірленген:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;
- 3) 2015 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен «5 институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» ұлттық жоспары;
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 Жарлығымен бекітілген 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;
- 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысты өтеу жөніндегі міндеттен босату немесе міндеттерді тоқтату ережелері;
- 6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері;
- 7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері;

- 8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті стандарты;
- 12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелер беру ережесі;
- 13) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі;
- 14) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері;
- 15) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген шетелге, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу ережесі;
- 16) М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Байқау кеңесінің отырысында бекітілген (№2 хаттама, 2016 жылғы 25 қазан) 2016-2019 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.
- 17) «Білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 наурыздағы №108 бұйрығы».

Академиялық саясат аясында М. Қозыбаев атындағы СҚМУ дамуының басым бағыттары: студентке бағытталған тәсілді жүзеге асыру; студенттерді, магистранттарды, докторанттарды даярлау сапасын арттыру; салалық шеңберлер мен кәсіби стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының үлесін кеңейту; экономиканың нақты секторлары мен ғылымның қазіргі жетістіктерін дамыту деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын басқару; білім беру процесінде инновацияларды дамыту; білім беруді ғылыммен және бизнеспен интеграциялауды жүзеге асыру; білім беру бағдарламаларын іске асыру; білім беруді интернационалдандыру және әлеуметтік серіктестікті жүзеге асыру; кафедралар бөлімшелерінің желісін кеңейту; үш тілді білім беруді дамыту; ПОҚ пен білім алушылардың академиялық (кредиттік) ұтқырлығын іске асыру; Назарбаев университетінің жетістіктері мен тәжірибесін енгізу және іске асыру; өз қызметінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті арттыру.

#### Қысқартулар тізімі

**АЖОО**

Арнайы жоғары оқу орны

**АҰИД**

Академиялық ұтқырлық және интернацияландыру департаменті

<b>ББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>БООЖ</b>	Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы
<b>БӨЖ</b>	Білім алушының өзіндік жұмысы
<b>БП</b>	Бейіндік пәндер
<b>БП</b>	Базалық пәндер
<b>БТ</b>	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары
<b>ҒЗЖ</b>	Ғылыми зерттеу жұмысы
<b>ЖБМЖМС</b>	Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
<b>ЖБП</b>	Жалпы білім беру пәндері
<b>ЖОЖ</b>	Жеке оқу жоспары
<b>ЖОО</b>	Жоғары оқу орны
<b>ЖООК</b>	ЖОО компоненті
<b>ЖООКБМЖМС</b>	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
<b>ДОЭ</b>	Дуальді оқуы элементтері
<b>КОТ</b>	Кредиттік оқыту технологиясы
<b>ҚА</b>	Қорытынды аттестаттау
<b>ҚАК</b>	Қорытынды аттестаттау комиссиясы
<b>ҚББЖ</b>	Қашықтықтан білім беруді басқару жүйесі
<b>ҚБТ</b>	Қашықтықтан білім беру технологиялары
<b>ҚДБ</b>	Қос дипломды білім беру
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ҚР БжҒМ</b>	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
<b>МББ</b>	Модульдік білім беру бағдарламасы
<b>МЕК</b>	Мемлекеттік емтихан комиссиясы
<b>МжЖҚО</b>	Мансап және жұмыспен қамту орталығы
<b>МОӘК</b>	Мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
<b>ПОӘК</b>	Пәннің оқу-әдістемелік кешені
<b>ПОҚ</b>	Профессор-оқытушылар құрамы
<b>ПрӘК</b>	Практиканың оқу-әдістемелік кешені
<b>ПЭОӘК</b>	Пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені
<b>СЖК</b>	Студенттің жеке коды
<b>СҚМУ</b>	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті
<b>СТҚКО</b>	Студенттерді тіркеу және қызмет көрсету орталығы
<b>ТжКБ</b>	Техникалық және кәсіптік білім беру
<b>ТОЖ</b>	Типтік оқу жоспары
<b>УААБК</b>	Университетті ақпараттық-аналитикалық басқару кешені
<b>ҰБТ</b>	Ұлттық бірыңғай тест
<b>ЭЗЖ</b>	Эксперименталды-зерттеу жұмысы
<b>ЭПК</b>	Элективті пәндер каталогы

## Негізгі терминдер

<b>Академиялық ұтқырлық</b>	білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып, өз ЖОО-сында немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.
<b>Академиялық еркіндік</b>	білім алушылар мен оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатымен таңдау компоненттеріндегі пәндері мен оқытудың қосымша түрлері бойынша білімнің мазмұнын өздері анықтап және білім беру қызметін ұйымдастыру үшін білім беру үдерісі субъектілеріне берілетін өкілеттіктер жиынтығы.
<b>Академиялық дәреже</b>	қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже.
<b>Академиялық күнтізбе</b>	оқу жылы бойы демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.
<b>Академиялық кредит</b>	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі.
<b>Академиялық демалыс</b>	білім алушылар (студенттер, интерндер, магистранттар, тыңдаушылар, докторанттар) Қарулы Күштерде қызмет өткеруіне, жүктілігі мен босануы және 3 жасқа дейінгі баланы күтуге байланысты медициналық көрсеткіштер бойынша өз оқуын уақытша үзетін кезең.
<b>Академиялық кезең</b>	үш нысанның бірінде білім беру ұйымы өз бетінше белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.
<b>Білім алушының академиялық рейтингі</b>	аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушылардың оқу бағдарламаларымен (немесе) модульдерді және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.
<b>Белсенді үлестірмелі материалдар</b>	тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеруге білім алушының уәждемесі үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі иллюстрациялық материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар).
<b>Академиялық сағат</b>	академиялық сағат - оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде пайдаланылады.
<b>Академиялық адалдық</b>	жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау кезінде, емтихандағы жауаптарда, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы.

<b>Апелляция</b>	білімнің объективті бағаланғанына күмән болған жағдайда білім алушының бастамасы бойынша өткізілетін процедура.
<b>Бакалавр</b>	жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже.
<b>Бакалавриат</b>	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.
<b>Оқу жетістіктерін балдық-рейтингтік әріптік жүйемен бағалау ЖОО компоненті</b>	халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.
<b>Жоғары арнайы білім (мамандану)</b>	білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.
<b>Екі дипломды білім беру</b>	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маман біліктілігін бере отырып, кемінде 300 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.
<b>Дескрипторлар (descriptors)</b>	екі дипломды білім беру–қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі.
<b>Дипломдық жұмыс (жоба)</b>	студенттердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы; дескрипторлар оқыту нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ кредиттерінің жалпы санына (сынақ бірліктеріне) негізделеді.
<b>Қашықтықтан білім беру технологиялары</b>	студенттің таңдалған мамандық саласындағы өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерінің жинақталуы болып табылатын бітіру жұмысы.
<b>Дифференциалды сынақ Докторантура</b>	білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-әрекеті кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.
<b>Философия докторы (PhD)</b>	«Дене шынықтыру» пәнін меңгеру деңгейін бағалау және кәсіби практика бағдарламасын орындау түрі.
<b>Қосымша білім беру бағдарламасы (Міпог)</b>	білім беру бағдарламалары ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.
<b>Дуальді оқыту</b>	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және ҚР-да немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.
	білім алушыларға қосымша құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында анықталған пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы.
	кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.

<b>Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинақтау жүйесі (ECTS)</b>	студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі.
<b>Оқу пәніне жазылу</b>	білім алушылардың оқу пәндеріне алдын ала жазылуы.
<b>Жеке оқу жоспары</b>	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына дербес құрастырылған студенттің оқу жоспары.
<b>Инклюзивті білім беру</b>	ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін үдеріс.
<b>Білім алушыларды қорытынды аттестаттау</b>	тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін процедура.
<b>Элективті пәндер каталогы</b>	зерттеу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдер) және зерттеуден күтілетін нәтижелерді (студенттердің алатын білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыреттерін) көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компоненттері бойынша барлық пәндердің жүйеленген аннотацияланған тізбесі.
<b>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы</b>	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын жүйелеуді және кодтауды белгілейтін және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдаланылатын құжат.
<b>Құзыреттілік</b>	оқыту үдерісі кезінде алған білім, іскерлік және дағдыны кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті.
<b>Таңдау компоненті</b>	жоғары оқу орны ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін есепке ала отырып кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдай алатын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) ең аз көлемінің тізбесі.
<b>Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау</b>	жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (ағымдық, межелік, қорытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру.
<b>Кредиттік ұтқырлық</b>	білім алушыларды өзі оқитын ЖОО-да оқуын жалғастыру шеңберінде академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң студенттер оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады)
<b>Кредиттік технологиясы</b>	білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.
<b>Магистр</b>	магистратура кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже
<b>Магистратура</b>	білім беру бағдарламалары тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.



<b>Модуль</b>	білім алушылардың білімі, білігі, дағдысы және құзыреттілігі бағалау критерийлеріне сәйкес келетін нақты тұжырымдалған, дербес, білім беру нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементі.
<b>Модульдік оқыту</b>	білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модуль бойынша құру негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі.
<b>Ұлттық шеңбері</b>	еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы
<b>Білім беру бағдарламасы</b>	оқытудың мақсаты, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен ідістерін, оқыту нәтижесін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
<b>Міндетті компонент</b>	үлгілік оқу жоспарында белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің ең аз көлемінің тізбесі.
<b>Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)</b>	білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында анықталған білім беру бағдарламасы.
<b>Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы</b>	жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны.
<b>Пәннің сипаттамасы</b>	пәннің мақсаттарын, міндеттерін және мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (3-8 сөйлемнен тұрады)
<b>Салалық біліктілік шеңбері</b>	салада танылатын біліктілік деңгейінің құрылымдық сипаттамасы
<b>Студенттерді тіркеу және қызмет көрсету орталығы</b>	білім алушының оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингісін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.
<b>Пререквизиттер</b>	оқылатын пәнді және (немесе) модульді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер және (немесе) модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері
<b>Постреквизиттер</b>	пәнді және (немесе) модульді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер және (немесе) модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері
<b>Кәсіптік бағдар</b>	білім алушыға білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер, кәсіптік қызығушылықтарға, жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мамандық пен оқу орнын еркін және саналы таңдауда оның құқықтарын іске асыруда ақпарат беру және консультациялық көмек көрсету.
<b>Кәсіби практика</b>	болашақ кәсіби қызметімен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білімді, іскерлікті бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттілікті иемденуге және дамытуға бағытталған оқу іс-әрекетінің түрі.
<b>Кәсіби стандарт</b>	кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.
<b>Білім алушыларды аралық аттестаттау</b>	білім алушылардың оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ оларды зерделеу аяқталғаннан кейін кәсіптік модульдердің бөлігін немесе барлық көлемін меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде өткізілетін процедура.

<b>Оқу бағдарламасы (silabus)</b>	оқылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптарын және оларды зерттеу ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.
<b>Оқу жұмыс жоспары</b>	мамандық бойынша үлгілік оқу жоспары мен студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде білім беру ұйымы дербес әзірлейтін оқу құжаты.
<b>Аралық бақылау</b>	білім алушылардың оқу жетістіктерін бір оқу пәнінің бөлімі (модуль) аяқталған соң бақылау.
<b>Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)</b>	студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.
<b>Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (БӨӨЖ)</b>	оқытушының басшылығымен жүргізілетін, ЖОО немесе оқытушының өзі анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізілетін білім алушының жұмысы; білім алушылардың санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен студенттің өзіндік жұмысы, оқытушының басшылығымен магистранттың өзіндік жұмысы және оқытушының басшылығымен докторанттың өзіндік жұмысы болып бөлінеді.
<b>Бірлескен білім беру бағдарламасы</b>	екі және одан да көп жоғары оқу орындарымен бірлесіп әзірленген және жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы.
<b>Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA)</b>	білім алушының таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды баға балдарының сандық эквивалентіне берілген оқу кезеңіндегі осы жұмыс түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы).
<b>Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау</b>	академиялық кезең ішінде, оқытушы өткізетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру.
<b>Үлгілік бағдарламасы</b>	оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын, білім беру бағдарламасының міндетті компоненттегі пәнінің оқу құжаты
<b>Транскрипт</b>	кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізімінен тұратын құжат.
<b>Тьютор</b>	нақты пәнді және (немесе) модульді игеруде студенттің академиялық кеңесшісі қызметін атқаратын оқытушы.
<b>Білім алушылардың оқу жетістіктері</b>	білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, біліктілігі, дағдылары мен құзыреттілігі.
<b>Эдвайзер, куратор/тәлімгер</b>	тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.
<b>Элективті пәндер</b>	белгіленген кредит шеңберінде жоғары оқу орны компоненті мен таңдау бойынша компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізіп, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын оқу пәндері.

## **1. Білім беру бағдарламаларын таңдау саясаты**

- 1.1. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім беру қызметімен айналысуға берілген 2012 жылғы 19 қарашадағы № 12016901 мемлекеттік лицензияның негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау бағыттарының Классификаторына сәйкес бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша даярлықты жүзеге асырады.
- 1.2. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың ББ тізімі университеттің [www.nkzu.kz](http://www.nkzu.kz) веб-сайтының «Білім беру» бөлімінде («Білім беру бағдарламалары») және ҚР БжҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының сайтындағы ББ реестрінде орналастырылған.
- 1.3. ББ-ларды Дублин дескрипторларының негізінде Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберлеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес М. Қозыбаев атындағы СҚМУ өзі жасайды. Барлық ББ оқу нәтижелеріне бағытталған.
- 1.4. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты – «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» даярлау бағыты бойынша ББ қоспағанда, білім алушының барлық оқу кезеңінде студенттің оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.
- 1.5. Жоғары білімнің ББ ерекшеліктеріне қарай жоғары білім беруде оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты ретінде студенттің «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» даярлау бағыты ББ бойынша 300 академиялық кредитті игеруі болып табылады.
- 1.6. Жалпы орта білімі бар (11 жылдық) бакалавриат студенттерінің оқу мерзімі оқудың барлық кезеңінде 240 немесе 300 академиялық кредит және оқу жылына 60 кредитті меңгеру кезеңімен анықталады. Сәйкесінше, оқу мерзімі 4 немесе 5 жылды құрайды. Егер білім алушы бір оқу жылында 60 кредиттен кем немесе одан көп көлемде пәндерден және басқа да оқу іс-әрекет түрлерінен жеке оқу жоспарын қалыптастырса, оның қалауы бойынша оқу мерзімін көбейтуге немесе қысқартуға болады.
- 1.7. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім беру саласының ББ басқа, жоғары немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жалпы орта білімі бар (12 жылдық) бакалавриат студенттерінің оқу мерзімі ресми және бейресми білім берудің бұрын қол жеткізілген оқу нәтижелерін тану ескеріліп анықталып, оқу мерзімі 4 жыл немесе одан аз болады. 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім беру саласының ББ бойынша оқу мерзімі - 5 жылды құрайды. Егер студент бір оқу жылында 60 кредиттен кем немесе одан көп көлемде пәндерден және басқа да оқу іс-әрекет түрлерінен жеке оқу жоспарын қалыптастырса, оқу мерзімін көбейтуге немесе қысқартуға болады.
- 1.8. Ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты білім алушының барлық оқу мерзімі ішінде магистранттың оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда кемінде 120 академиялық кредитті игеруі болып табылады. Бейінді бағыттағы магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушының барлық оқу мерзімі ішінде магистранттың оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда 60-тан 90-ға дейін академиялық кредитті игеруі болып табылады.
- 1.9. Ғылыми-педагогикалық магистратураның магистранттары үшін оқу мерзімі оқудың барлық кезеңінде 120 академиялық кредитті және оқу жылында 60 кредитті игеру кезеңімен анықталады және 2 жылды құрайды. Магистранттың өтініші бойынша,

егер магистрант бір оқу жылында 60 кредиттен аз немесе одан көп көлемде пәндерден және басқа да оқу іс-әрекет түрлерінен жеке оқу жоспарын қалыптастырса, оқу мерзімін көбейтуге немесе қысқартуға болады.

- 1.10. Бейінді бағыттағы магистратурада оқитын магистранттардың оқу мерзімі бүкіл оқу кезеңінде 60 немесе 90 академиялық кредитті және оқу жылында 60 кредитті игеру кезеңімен анықталады және сәйкесінше 1 жыл немесе 1,5 жылды құрайды. Магистранттың өтініші бойынша, егер білім алушы бір оқу жылында 60 кредиттен аз немесе одан көп көлемде пәндерден және басқа да оқу іс-әрекет түрлерінен жеке оқу жоспарын құрса, оқу мерзімін көбейтуге немесе қысқартуға болады.
- 1.11. Докторантурадағы оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты докторанттың бүкіл оқу кезеңінде кемінде 180 академиялық кредит, оның ішінде докторанттың оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін игеруі болып табылады.
- 1.12. Докторанттардың оқу мерзімі оқудың барлық кезеңіне 180 академиялық кредит және оқу жылына 60 кредиттің игеру кезеңімен анықталады және 3 жылды құрайды. Сонымен қатар, докторанттың өтініші бойынша егер докторант бір оқу жылында 60 кредиттен кем немесе одан көп көлемде пәндерден және басқа да оқу іс-әрекет түрлерінен жеке оқу жоспарын құрса, оқу мерзімі көбейтілуі немесе қысқаруы мүмкін.
- 1.13. ББ қолданыстағы, жаңа және инновациялық болып бөлінеді. Қолданыстағы ББ университеттің бакалавриат, интернатура, магистратура және докторантура кадрларын даярлайтын ББ болып табылады. Жаңа ББ – университетте жаңадан жасалынған және бекітілген білім беру бағдарламасы. Инновациялық ББ – бұл Қазақстан Республикасында теңдесі жоқ және алғаш рет білім беру қызметіне енгізілетін білім беру бағдарламасы.
- 1.14. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқытудың білім беру міндеттеріне сәйкес келу дәрежесі бойынша М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың ББ бейімделген болып табылады.
- 1.15. Университеттің ББ қашықтықтан білім беру технологиясын қолданумен және қашықтықтан білім беру технологиясын қолданбай оқытатын бағдарламаларға бөлінеді.
- 1.16. Университетте ҚББТ СҚМУ ПТЕ 32 М. Қозыбаев атындағы СҚМУ қашықтықтан білім беру технологиясының оқу үдерісін ұйымдастыру туралы ережесімен және **М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыру ережелері мен білім беру процесін ұйымдастыру ережелерімен регламенттеледі.**
- 1.17. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) мамандар даярлауды көздейтін үштілді білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады. Үш тілде білім беру аясында білім беру бағдарламаларында ағылшын тіліндегі пәндер саны пәндердің жалпы санының 30% құрайды, оқыту тілінде 50%, ал орыс тілінде (қазақша білім алушылар үшін және керісінше) - 20%. Студент тілді меңгеру деңгейіне байланысты бір оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын) ескере отырып, білім беру бағдарламасын таңдай алады немесе бір уақытта үш тілде оқи алады.
- 1.18. Үш тілде білім беру аясында жүзеге асатын ББ құжаттары СҚМУ-дың [www.nkzu.kz](http://www.nkzu.kz) веб-сайтының «Білім беру» бөлімінде («Білім беру бағдарламалары») көрсетілген.
- 1.19. Кейбір бакалавриат ББ дуальді оқыту элементтерімен жүзеге асырылады, бұл түлектердің білімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, университеттің ББ жүзеге асыру кезеңдерінде кәсіпорындармен өзара әрекетін кеңейтуге, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мамандар даярлау сапасын жақсартуға жағдай

жасайды. Келесі ББ дуальді оқыту элементтерімен жүзеге асырылатын ББ болып табылады: «Инженерлік іс», «Энергетика», «Радиотехника, электроника және телекоммуникация», «Құрылыс», «Көлік, көлік техникасы және технологиясы», «Агрономия», «Мал шаруашылығы технологиясы», «Азық-түлік технологиясы», «Мектепке дейінгі тәрбие және білім», «Педагогика және бастауыш оқыту әдістері».

- 1.20. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да дуальді оқыту элементтерімен іске асырылатын ББ тізімі университеттің [www.nkzu.kz](http://www.nkzu.kz) веб-сайтының «Білім беру» бөлімінде берілген.
- 1.21. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қос дипломдық ББ үзеге асырылады. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қос дипломдық ББ шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірге жүзеге асырылады. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да серіктес университеттермен бірге жүзеге асырылып жатқан қос дипломды бағдарламалар ретінде бакалавриаттың «Биология» ББ және магистратураның «Биотехнология», «Биология», «Экология», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» және басқа да ББ атауға болады.
- 1.22. Қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту серіктес университеттермен келісілген оқу жоспарлары негізінде, серіктес университеттерде оқу нәтижелерін өзара тану негізінде жүзеге асырылады.
- 1.23. Білім алушыны ҚД білім беру бағдарламасына қосу білім алушының университет ректорының атына жазған өтініші негізінде және серіктес жоғары оқу орнымен жасалған келісімге (меморандумға) сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.24. Қажет болған жағдайда білім алушының қос дипломды білім беру бағдарламаларын игеру ұзақтығы оны жүзеге асырудың таңдалған үлгісіне байланысты бакалавриат бағдарламасында – 1-1,5 жылға, магистратурада – 0,5-1 жылға, докторантурада – 1 жылға артады.
- 1.25. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ББ дайындық бағытына байланысты 240 немесе 300 академиялық кредит аясында оқытылатын негізгі ББ (Major) қатар, қосымша ББ-мен (Minor) оқыту мүмкіндігін қарастырады.
- 1.26. Білім алушы соңғы оқу жылында жеке білім беру траекториясын анықтағанда академиялық пәндерге тіркелу кезінде тек негізгі ББ (Major) немесе негізгі ББ (Major) мен қосымша ББ (Minor) игеруді таңдай алады.
- 1.27. Талапкер мен білім алушы білім беру бағыты мен оқыту бағыты бойынша ББ таңдауға құқылы.
- 1.28. ББ-ларды талапкерлер университет кафедраларының кәсіптік бағдарлау жұмысы кезінде, қабылдау комиссиясының жұмысы кезінде, ҚР БжҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының веб-сайтында берілген ББ тізімімен танысу кезінде, сондай -ақ ал білім алушылар оқуға қайта кіруі немесе ауысуы кезінде таңдай алады.
- 1.29. Талапкер ББ таңдап, алдыңғы білім деңгейіне байланысты ҰБТ, қабылдау емтихандары немесе әңгімелесулерге қатысу үшін құжаттарды қабылдау туралы өтініш береді.
- 1.30. Білім алушы ББ таңдағаннан кейін оқуға қайта кіру немесе ауыстыру туралы өтініш береді.

## **2. Қабылдау саясаты**

- 2.1. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да бакалавриат, интернатура, магистратура, докторантураның ББ-ларына білім алушыларды қабылдау республикалық бюджет

немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты, білім алушының өз қаражаты және басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

- 2.2. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ бакалавриатының ББ-ларына жалпы орта, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.
- 2.3. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ магистратурасына жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.
- 2.4. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ докторантурасына «магистр» дәрежесі және 1 (бір) жылдан кем емес жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылданады.
- 2.5. Бакалавриаттың, интернатураның, магистратураның, докторантураның ББ қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға қабылдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.6. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да университет өткізетін пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары үшін гранттар және ақылы негізде білім алушылар санатына жеңілдіктер жүйесі қарастырылған.

### **3. Университеттің академиялық қауымдастығының өзара қарым-қатынас саясаты**

- 3.1. Университеттің академиялық қауымдастығына білім алушылар, ПОҚ, университет әкімшілігі (ректор, проректор, факультет декандары), бөлімшелердің жетекшілері мен қызметкерлері кіреді.
- 3.2. Білім алушыларға студенттер, интерндер, магистранттар, докторанттар, «Foundation» факультетінің тыңдаушылары жатады.
- 3.3. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да білім алушылар төмендегідей жіктеледі: білім алушылар – білім беру бағдарламасын игеру және академиялық дәреже алу үшін Университетке қабылданған студенттер, интерндер, магистранттар, докторанттар; алмасу бойынша білім алушы – бір немесе бірнеше семестр бойы Университетте оқитын (академиялық ұтқырлық, қос дипломды білім т.б. бағдарламалары бойынша) серіктес университеттің студенті, интерні, магистранты, докторанты; білім алушы-тыңдаушы – «Foundation» факультетіне қысқа мерзімді курстарға (9 айға дейін) қабылданған тыңдаушы.
- 3.4. Университет білім алушылары ҚР азаматтары және шетелдік азаматтар болып бөлінеді. Білім алушылар контингентінде педагогикалық пәндерді игеру үшін қабылданған алмасу бойынша білім алушылар, білім алушы-тыңдаушылар, магистрлер есепке алынбайды.
- 3.5. Университетте академиялық ортадағы қатынастарды реттейтін келесі құжаттар қабылданған: Ішкі сапаны қамтамасыз ететін саясат пен стандарттар, Академиялық адалдық ережелері, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық ар-намыс кодексі, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларының ар-намыс кодексі.
- 3.6. Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушысы жеке ерекшеліктері бар ерекше тұлға ретінде қарастырылады.
- 3.7. Университет білім алушыларға сапалы білім алу үшін тең мүмкіндіктер жасайды.
- 3.8. Білім алушылар, оқытушылар, университет әкімшілігі, бөлім басшылары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы келесі қағидаттарға негізделеді: өзара сыйластық; мәртебесіне қарамастан, адамның құқығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін

құрметтеу; кез келген жағдайда адалдық; сыбайлас жемқорлыққа және басқа да құқық бұзушылықтарға төзімділік; өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау.

- 3.9. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушылары, ПОҚ, университет әкімшілігінің өкілдері, басшылары мен қызметкерлері университет мүдделері мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасамайды.
- 3.10. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың білім алушысына АҚД-ның Студенттік бөлімінен студенттік билет, студенттің жеке картасы және оқырман билеті беріледі.
- 3.11. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларына қойылатын міндетті талаптар: сабаққа қатысу, кәсіптік тәжірибелерге уақытылы қатысу, оқу тапсырмалары мен жұмыстарының барлық түрлерін академиялық күнтізбе және жеке оқу жоспарына, магистрант/доктаранттың жеке жұмыс жоспарына, кәсіптік практиканың жоспар-кестесіне, Университет ректоры бұйрығына, жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес Университет белгілеген мерзімде орындау, қорғау үшін кәсіптік тәжірибе бойынша есепті, магистрант/доктаранттың жеке жұмыс жоспарының орындалу бойынша есепті уақытында тапсыру, үлгерімді бақылаудың барлық түрлерінен, соның ішінде магистранттар мен докторанттарды аттестаттаудан, қорытынды аттестаттаудан уақытында өту.
- 3.12. Білім алушы оқу сабағын босатқан жағдайда сабаққа қатысу журналына «ж» әрпімен белгі, ал сол күні бақылау жұмыстары жүргізілсе, үлгерім журналына 0 ұпай қойылады.
- 3.13. Сабақтарды, ағымдық, кезеңдік бақылауларды белгілі бір себептермен босатқанын растайтын құжаттар бар болған жағдайда білім алушыға БОӨЖ-де босатқан сабақтарын өтеп, ұпай жинауға мүмкіндік беріледі. Ол үшін білім алушы, оның заңды өкілі немесе білім алушының туыстары бұл факті туралы факультет деканының атына өтініш жазып, құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады (медициналық анықтама, шақыру қағаздары және басқа құжаттар). Сондай-ақ университетке бірінші күні келгенде білім алушы СТҚКО-ға ұпай жинауға рұқсат беруге өтініш береді, оған оқу сабақтарын, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерінде сабақта болмауының дәлелді себептері болғандығын растайтын құжаттарды қоса береді.
- 3.14. Факультет деканы бір күннің ішінде білім алушының ұпай санын көтеру туралы өтініші мен ұсынылған құжаттардың негізінде сабақты босату себебінің дәлелді екенін растап, құжаттардың түпнұсқалығын анықтайды, Академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелері және басқа да ішкі нормативтік құжаттар негізінде ұпай санын қарастыруға рұқсат беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайды.
- 3.15. Білім алушы оқу сабақтарын, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерін дәлелді себептермен босатып, бірақ ол жөнінде факультет деканын уақытында хабардар етпесе, дәлелді себептердің болғандығын растайтын құжаттарын уақытында ұсынбаса немесе өтінішін СТҚКО-ға уақытында ұсынбаса, факультет деканы босатылған оқу сабақтары мен ағымдық және аралық бақылау тапсыру кезеңдерін дәлелді себептерсіз босату ретінде мойындайды.
- 3.16. Білім алушы оқу сабақтарын, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерін дәлелсіз себептермен босатқан жағдайда, академиялық кезеңнің мерзімдерінен тыс уақытта ұпай санын арттыра алмайды.
- 3.17. Білім алушы дәлелді себептермен кәсіптік практика базасына уақытылы бармаған, аралық аттестаттау кезінде емтиханға, кәсіптік практика бойынша есебін қорғауға келмеген жағдайда, білім алушының өзі, білім алушының заңды өкілі немесе туыстары бір тәулік ішінде академиялық мәселелер бойынша проректорға дәлелді

себептерін көрсете отырып, осы факті туралы жазбаша хабарлауға және университетке бірінші келген күні белгіленген үлгідегі құжаттардың (медициналық анықтамалар, шақыру қағаздары және басқа да құжаттар) түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Сондай-ақ университетке бірінші келген күні білім алушы СТҚКО-ға академиялық мәселелер бойынша проректордың атына жазылған практика мерзімін өзгертуге, аралық аттестаттау мерзімін ұзартуға, есепті қорғау күнін өзгертуге рұқсат беру туралы өтініш беріп, оған кәсіптік практика базасына уақытылы бармағанын, аралық емтихан кезеңінде емтиханға келмеуін түсіндіретін дәлелді себептердің болуын растайтын құжаттарды қоса береді.

- 3.18. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бір күн мерзімде білім алушының практика мерзімін өзгертуге, аралық аттестаттау мерзімін ұзартуға, кәсіптік практика бойынша есепті қорғау күнін өзгертуге рұқсат беру туралы өтінішін және дәлелді себептердің болуын растайтын ұсынылған құжаттарды қарайды, құжаттардың түпнұсқалығын анықтайды, Академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелері, басқа да ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде академиялық күнтізбеге сәйкес, білім алушының өтінішін қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы шешім қабылдайды.
- 3.19. Білім алушы дәлелді себептермен кәсіптік практика базасына уақытылы бармаған, аралық аттестаттау кезінде емтиханға, кәсіптік практика бойынша есебін қорғауға келмеген, бірақ ол жөнінде факультет деканын уақытында хабардар етпеген, дәлелді себептердің болғандығын растайтын құжаттарын уақытында ұсынбаған немесе өтінішін СТҚКО-ға уақытында ұсынбаған жағдайда, академиялық мәселелер жөніндегі проректор білім алушының аталған оқу шараларына себепсіз келмегенін растайды.
- 3.20. Білім алушының кәсіптік практикасының мерзімін, кәсіби практика бойынша есепті қорғау күнін дәлелді себептерсіз, академиялық күнтізбеге сәйкес академиялық кезең мерзімін ескерместен өзгертуге жол берілмейді.
- 3.21. Академиялық күнтізбеге сәйкес академиялық кезең мерзімі ескерілмеген жағдайда аралық аттестаттау мерзімі дәлелді себептерсіз ұзартылмайды.
- 3.22. Қорытынды аттестаттауға келмеген жағдайда білім алушы, білім алушының заңды өкілі немесе туыстары емтихан немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау күнінен кешіктірмей, қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасына дәлелді себептерін көрсете отырып, осы факті туралы жазбаша хабарлауға және университетке келген күні келмеу себептерін дәлелдейтін белгіленген үлгідегі құжаттардың (медициналық анықтамалар, шақыру қағаздары және басқа да құжаттар) түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Сондай-ақ университетке келудің бірінші күні білім алушы қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасының атына қорытынды аттестаттау мерзімін өзгертуге рұқсат беру туралы өтініш береді, оған қорытынды аттестаттауға келмеуін түсіндіретін дәлелді себептердің болуын растайтын құжаттарды қоса береді.
- 3.23. Қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы бір күн мерзімде білім алушының қорытынды аттестаттау мерзімін өзгерту туралы өтінішін және дәлелді себептердің болуын растайтын ұсынылған құжаттарды қарайды, құжаттардың түпнұсқалығын анықтайды, Академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелері, Академиялық күнтізбе бойынша қорытынды аттестаттау кезеңіне сәйкес басқа да ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде білім алушының өтінішін қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы шешім қабылдайды.
- 3.24. Білім алушы қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген жағдайда, бірақ ол жөнінде қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасын уақтылы хабардар



етпесе және/немесе дәлелді себептердің болуын растайтын құжаттарды уақтылы ұсынбаса, өтінішін СТҚКО-ға уақытында ұсынбаса, қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның төрағасы қорытынды аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмегенін мойындайды.

- 3.25. Қорытынды аттестаттау мерзімдерін дәлелді себептерсіз, қорытынды аттестаттау бойынша комиссия төрағасының келісімінсіз және академиялық күнтізбемен белгіленген мерзімнен тыс өзгертуге жол берілмейді.
- 3.26. Оқу сабақтарын өткізіп алудың, кәсіптік практика базасына уақтылы келмеудің, аралық аттестаттау кезеңінде емтиханға келмеудің, кәсіптік практика бойынша есепті қорғаудың дәлелді себептері болып мынадай себептер есептеледі: науқастануы (өзі немесе кәмелетке толмаған баласының), жақын туыстарының (әкесі, анасы, әжесі, атасы, туған ағасы немесе әпкесі, баласы, жұбайы немесе зайыбы) қайтыс болуы, іссапар, өндірістік қажеттілік, төтенше оқиғалардың (апат, табиғи апат және т.б.) туындауы.
- 3.27. Білім алушылардың университеттің қоғамдық өміріне қатысуын факультет деканы оқу сабақтарында болмау себептерінің, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерінің дәлелді екендігі туралы тиісті өкім шығара отырып, жеке тәртіпте қарайды.
- 3.28. Білім алушы дәлелді себептердің бар екенін куәландыратын жалған құжаттарды, оның ішінде медициналық анықтамаларды және өзге де құжаттарды ұсынған жағдайда білім алушыға академиялық адалдық ережелеріне сәйкес, университеттен шығару сияқты тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады.
- 3.29. Басқасы заңнамамен, Университет Жарғысымен, білім беру қызметін көрсету шартымен, ішкі нормативтік құжаттармен көзделмеген жағдайда, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың білім алушыларының барлық санаттары тең құқықтарға, міндеттемелер мен жауапкершілікке ие.
- 3.30. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да білім алушыларының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, университет Жарғысымен, білім беру қызметін көрсету шартымен анықталады және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарынан туындайды.
- 3.31. Оқу деңгейлері мен нысандарына қарамастан, университеттің әр білім алушысының:
  - 3.31.1 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес сапалы білім алу;
  - 3.31.2 Негізгі (Minor) және қосымша (Minor) білім беру бағдарламаларын игеру;
  - 3.31.3 Пререквизиттерді есепке ала отырып, жеке оқу жоспарын дербес қалыптастыру;
  - 3.31.4 Білім беру бағдарламаларының академиялық кредиттерін бір және одан да көп академиялық кезеңдер ішінде ҚР ЖОО-ларында және шетелдік ЖОО-ларда академиялық және кредиттік ұтқырлық бағдарламалары бойынша ҚР республикалық бюджет қаражаты, жеке қаражаты немесе университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен игеру;
  - 3.31.5 Оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбе шеңберінде дәлелді себеп болған жағдайда сессияны, кәсіби практика, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есептерді қорғау мерзімдерін ұзарту;
  - 3.31.6 Қолданыстағы заңнамамен және университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген формада университетті басқаруға, соның ішінде университет қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге қатысу;

- 3.31.7 ҚР қолданыстағы заңнамасымен және университеттің академиялық саясатымен белгіленген тәртіпте оқуға қайта кіру , ауысу, оқудан шығу және академиялық демалыс алу;
- 3.31.8 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, симпозиумдарға, кеңестерге, конкурстарға, олимпиадаларға қатысу, өз жұмыстарын жариялау, соның ішінде университет басылымдарына ұсыну;
- 3.31.9 Студенттік өзін-өзі басқару органдарының, университеттің басқару органдарының, факультеттердің, академиялық комитеттердің және т. б. мүшесі болу;
- 3.31.10 Университетте қолданылатын оқыту әдістері, тәсілдері мен технологиялары туралы өз көзқарастарын еркін білдіру, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар айту, пәндерді оқыту және ПОҚ оқу жұмысының өзге де түрлеріне баға беру;
- 3.31.11 Университетте білім беру және тәрбие үдерісімен қарастырылған іс-шараларды өткізу кезінде спорт, акт залдарын, кітапхананы, (абонементтер мен оқу залдарын), бассейнді, университеттің оқу, ғылыми және басқа да бөлімшелерінің қызметтерін тегін пайдалану;
- 3.31.12 Адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуі, ар-ождан бостандығы, ақпарат алу;
- 3.31.13 ББ шеңберінде оқу сабақтарына міндетті түрде қатысып және оқу жұмысының өзге де түрлерін уақтылы орындап, деканмен келісілген жағдайда оқудан бос уақытта кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдарда жұмысқа орналасу;
- 3.31.14 Бос орын болған жағдайда университеттің студенттік жатақханасында тұру;
- 3.31.15 Оқудағы, ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алу;
- 3.31.16 ҚР қолданыстағы заңнамасымен және университеттің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да құқықтары бар.
- 3.32. Оқу деңгейлері мен нысандарына қарамастан, университеттің әр білім алушысының төмендегідей міндеттері бар:
- 3.32.1 Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес, білім, іскерліктер, практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді толық көлемде меңгеру;
- 3.32.2 Міндетті түрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысу, кәсіптік практикадан өтуге уақытында кірісу, академиялық күнтізбемен, жеке оқу жоспарымен, магистранттың/докторанттың жеке жұмыс жоспарымен, кәсіптік практика жоспар-кестесімен, оқу жұмыс бағдарламасымен (силлабуспен) белгіленген мерзімде оқу тапсырмаларының барлық түрлерін орындау, қорғау үшін кәсіби практика бойынша есептерді уақытында ұсыну, білім беру бағдарламаларына сәйкес белгіленген үлгерімді бақылау мен қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерінен өту;
- 3.32.3 Дәлелді себептермен оқу сабақтарын, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерін босатқан және кәсіби практика базасына, аралық аттестаттау кезеңінде емтиханға, қорытынды аттестаттауға, кәсіби практика бойынша есепті қорғауға уақытында келмеген жағдайда осы академиялық саясаттың 3.13, 3.17, 3.22 тармақтарына сәйкес Университетке хабарлау;
- 3.32.4 Академиялық айырмашылықты Университет ректорының тиісті бұйрығымен және/немесе білім алушының жеке жоспарында белгіленген мерзімдер мен шарттарда жою;
- 3.32.5 Жазғы семестрде немесе келесі академиялық кезеңде ақылы негізде академиялық айырмашылықты жою;

- 3.32.6 М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушысының Ар-намыс кодексін, Академиялық саясатты, Академиялық адалдық ережелерін мүлтіксіз сақтау;
- 3.32.7 Университетке қабылданғаннан кейін оқудың бірінші семестрі ішінде білім туралы шетелдік құжат негізінде түскен жағдайда білім туралы құжатты нострификациялау/тану процедурасынан өту;
- 3.32.8 Білім алушының Университетке қабылдану кезінде берілген отбасы жағдайы мен байланыс (тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электрондық пошта және т.б.) және басқа да ақпараттарындағы өзгерістер туралы Университетке уақытында хабарлау;
- 3.32.9 Өз денсаулығын нығайтуға, рухани жағынан дамуға ұмтылу;
- 3.32.10 Университеттің заңды мүдделеріне адалдықты сақтау, өз құқықтарын жүзеге асыру және университетке қатысты міндеттерді адал және ақылға қонымды орындау, оның мүдделеріне қаржылық зиян келтіретін іс-әрекеттерді, сондай-ақ имиджі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді жасамау;
- 3.32.11 Университет білім алушыларының ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау, Университеттің үздік дәстүрлерін сақтау және дамыту;
- 3.32.12 Университет Жарғысының, университеттің академиялық саясатының және білім беру және тәрбие үдерістерін ұйымдастыру бойынша Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындау;
- 3.32.13 Университетпен жасаған білім беру қызметін көрсету туралы шарттың, сондай-ақ басқа да шарттар мен келісімдердің талаптарын адал орындау;
- 3.32.14 Білім беру қызметін көрсету туралы шартқа сәйкес оқу құнын уақытында төлеу (ақылы негізде оқитындар үшін), 3 (үш) күн ішінде факультет деканына төлем туралы құжаттың көшірмесін ұсыну;
- 3.32.15 Университет, факультет әкімшілігінің, кафедра меңгерушілерінің өз құзыреті шегінде шығарған бұйрықтарын, өкімдерін, нұсқауларын және ұйғарымдарын тиісті түрде орындау;
- 3.32.16 Білім беру бағдарламаларының жетекшілері болып табылатын Университет, факультет әкімшілігінің кафедра стендіне шығаратын хабарландыруларымен және ақпараттарымен үнемі танысу, күн сайын университеттің ресми интернет-сайтына кіріп, сайттағы ақпаратпен танысу;
- 3.32.17 Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарды және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқу тәртібі мен ережелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Университеттің Академиялық саясатын және басқа да ішкі нормативтік құжаттармен танысып, білу;
- 3.32.18 Педагогикалық қызметкердің, Университеттің басқа да қызметкерлерінің, сондай-ақ университетте оқитын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, оның ішінде: аудиторияға оқытушының, университет әкімшілігінің кіруі кезінде тұру; оқу сабақтарын қалыпты өткізуге кедергі келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеу; сөйлеуде дөрекі, әдепсіз сөздерді пайдалануға жол бермеу; өзін лайықты ұстау, қарым-қатынас кезінде сыпайы және әдепті болу, жеке басын қорлауға жол бермеу; басқа тұлғаларға олардың міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамау;
- 3.32.19 Университеттің ішкі тәртібін, қоғамдық тәртіпті, жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтау;
- 3.32.20 Университетте белгіленген кіруге рұқсат беру режимін сақтау, соның ішінде аумаққа, аудиторияға және университет бөлімшелеріне, басқа адамдарға кіруге

рұқсат беру құқығын беретін өз құжатын бермеу және басқа тұлғаға берілген құжатты пайдаланбау;

- 3.32.21 Тұрғын үй заңнамасымен, университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен және тұрғын үй-жайды жалдау шартымен белгіленген жатақханада тұру ережелерін сақтау.
- 3.32.22 Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария және жеке гигиена ережелерін сақтау;
- 3.32.23 Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген іс-әрекеттерге, оқу уақытында, сондай-ақ оқудан тыс уақытта жол бермеу;
- 3.32.24 Университеттен шығарылған жағдайда, оқудан шығарылған күнге дейін Студенттік бөлімге студенттік билетті, оқу билетін және университет берген басқа да құжаттарды тапсыру; университетке қаржылық қарыз болған жағдайда, қарыз сомасын толық көлемде өтеу; кету парағына қол қою және студенттік бөлімге ұсыну.
- 3.32.25 Заң актілеріне немесе келісім-шартқа сәйкес Университет жауап беретін университеттің мүлкіне, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтірген жағдайда білім алушы толық материалдық жауапты болады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, ерікті түрде немесе сот шешімі негізінде Университетке келтірілген шығынды өтейді.
- 3.33. Залал (зиян) келтірілгеннен кейін, Университет пен білім алушы арасындағы білім беру қызметтерін көрсету туралы шартты тоқтату білім алушыны Университетке келтірілген залалды (зиянды) өтеу бойынша материалдық жауапкершіліктен босатпайды.
- 3.34. Білім алушының қолданыстағы заңнама нормаларын, ол жасасқан шарттар мен келісімдерді және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды және университет әкімшілігінің ұйымдастыру-өкімдік актілерін білмеуі білім алушыны университетке келтірілген залалды (шығынды) өтеу бойынша жауапкершіліктен және міндеттемелерден босатпайды.
- 3.35. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да университет әкімшілігі ЖОО басшылығымен өтініштерді қарастырудың келесі жүйесі жұмыс істейді: эдвайзер → кафедра меңгерушісі (ББ жетекшісі болып табылатын) → деканат (декан, декан, бағыт бойынша декан орынбасары) → бағыт бойынша проректор → бірінші проректор → ректор.
- 3.36. Білім алушылардың дәлелді себептермен сабақты, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерін босатуы туралы факультет деканына, кәсіптік практика базасына, аралық аттестаттау кезеңінде емтиханға, кәсіптік практика бойынша есепті қорғауға уақытында келмегендігі туралы академиялық мәселелер жөніндегі проректорға, қорытынды аттестаттауға келмегендігі туралы қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасына хабарлауы білім алушының, оның заңды өкілінің немесе туысының СТҚКО-ға ұсынылатын жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.
- 3.37. Білім алушылардың қалған барлық өтініштерін, соның ішінде **Университеттің қызметтері мен мемлекеттік қызметтерін алуға (ауыстыру, қайта қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалыс, транскрипт, анықтама беру, академиялық айырмашылықты анықтау, дәлелді себептермен жіберілген оқу сабақтары, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдері, аралық аттестаттау емтихандарының нәтижелері апелляциясы және т.б.)** білім алушылардың өздері СТҚКО-ға тапсырады.
- 3.38. Білім алушы ЖОО көрсететін қызметтерге қанағаттанбаса, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Университет әкімшілігіне өтініш немесе шағым беруге құқылы. Білім

алушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау процедурасы келесі тізбек бойынша жүзеге асырылады: факультет деканы → бағыт бойынша проректор → ректор.

- 3.39. Білім алушылар ректорға жолдаған шағымдарын барлық оқу корпусарында орнатылған «Ректордың поштасы» жәшіктері арқылы, қабылдау күндері жеке жүгіну, ректордың блогына жүгіну арқылы жеткізе алады.
- 3.40. Оқу тәртібін, Ішкі тәртіп ережелерін, Академиялық саясатты, Академиялық адалдық ережелерін, жатақханада тұру ережелерін, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушысының Ар-намыс кодексін бұзғаны үшін, білім алушыларға келесі тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, айыппұл, жатақханадан шығару, университеттен шығару.
- 3.41. Білім алушылардың шығармашылық белсенділігі мен азаматтық бастамаларын ынталандыру, оқу және ғылыми, қоғамдық, мәдени-шығармашылық, спорттық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларын материалдық және материалдық емес көтермелеу жүйесі жұмыс істейді.
- 3.42. Университетте білім алушыларды материалдық емес көтермелеудің мынадай түрлері қолданылады: алғыс жариялау; Құрмет грамотасымен/дипломмен марапаттау; студентке және/немесе оның ата-аналарына (заңды өкілдеріне) алғыс хат, студент қызметінің тәжірибесі және нәтижелерімен таныстыру (байқау, олимпиада, семинар, көрмелерге қатысу, жарияланымдарды басып шығару және т.б.).
- 3.43. Университетте білім алушыларды материалдық көтермелеудің мынадай түрлері қолданылады: оқу ақысын төлеу жеңілдіктері; бағалы сыйлықпен немесе ақшалай сыйлықпен марапаттау; ректордың грантын, Манаш Қозыбаевтың грантын, педагогикалық олимпиадаға қатысқаны үшін грант тағайындау, білім алушыны Бірінші Президент стипендиясына және Тұңғыш Президент қорының стипендиясына ие болуға ұсыну.
- 3.44. Тәртіптік жазасы бар университеттің білім алушылары марапаттауға ұсынылмайды.
- 3.45. Университетте белгіленген көтермелеу шараларын қолдану мынадай қағидаттарға негізделген: барлық білім алушылар үшін көтермелеуді қолдану талаптардың бірлігі және шарттарының теңдігі; жариялылық; жеке немесе командалық жетістіктері үшін көтермелеу; қызметтің тиімділігі мен сапасын ынталандыру; моральдық және материалдық көтермелеу жүйесінің өзара байланысы.
- 3.46. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде 3.12., 3.13., 3.14., 3.15, 3.16., 3.17., 3.18, 3.22, 3.23, 3.24, 3.26-тармақтардың қолданылуы тоқтатыла тұрады.

#### **4. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу саясаты**

- 4.1. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың білім алушының жеке білім траекториясын таңдау және дербес жоспарлау негізінде жүзеге асырылатын кредиттік оқыту технологиясы іске асырылады.
- 4.2. Оқытудың кредиттік технологиясына сәйкес әрбір білім алушы міндетті түрде оқу пәндеріне тіркелу (жазу) және қайта тіркелу процедурасынан өтеді.
- 4.3. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу процедурасы шеңберінде оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасайды, ЭПК-ге енгізілген пәндермен (немесе) модульдерді және оқытушыларды таңдау еркіндігін жүзеге асырады, білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз етеді.

- 4.4. Білім алушылардың негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі пререквизиттердің болуы есепке алына отырып жүзеге асырылады.
- 4.5. Білім алушылардың қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі аралас немесе бейінді ББ бойынша қосымша құзыреттіліктерге ие болу үшін, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.
- 4.6. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді СТҚКО ұйымдастырады. Ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын жүргізу үшін эдвайзерлер тағайындалады.
- 4.7. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.8. Ағымдағы оқу жылында ББ-ға қабылданған білім алушылар қабылдау туралы бұйрық және формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану рәсімі шыққаннан кейін 25-31 тамыз аралығында оқу пәндеріне тіркеу процедурасынан өтеді.
- 4.9. 2-5 курс білім алушылары оқу пәндеріне тіркелу процедурасынан 1-15 наурыз аралығында өтеді.
- 4.10. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу процедурасы алдында 21-28 ақпан аралығында деканаттар ұйымдастыратын ұйымдастыру апталығы өтеді.
- 4.11. Ұйымдастыру апталығы аясында факультет декандары бекіткен кестеге сәйкес эдвайзерлер білім алушыларға кеңес береді және оқытушылар оқу курстарының тұсаукесерлерін өткізеді.
- 4.12. Эдвайзерлер консультацияларда міндетті түрде білім алушыларды КББТ, ББ, ЭПТ ережелерімен таныстырады, КББТ қағидаларын, оқылған пререквизиттер негізінде ЖОЖ қалыптастыру тәртібін, оқу сабақтарына академиялық ағымдарды қалыптастыру принциптерін түсіндіреді, қосымша білім беру бағдарламасын (Minor) анықтауға көмектеседі.
- 4.13. Оқытушылар оқу пәндерін (ЖБП циклінің міндетті пәндерін, БП және БП циклдерінің ЖОО компоненттерінің пәндерін, ЖБП, БП және БП циклдерін таңдау компоненттерінің пәндерін) таныстыру барысында білім алушыларды оқу пәндерінің мазмұнымен, талаптарымен, оқу сабақтарында қолданылатын технологиялармен және әдістермен таныстырады.
- 4.14. Білім алушының оқу пәндеріне тіркелуі барысында пәнді, оқытушыны және пәнді оқу тілін (қазақ, орыс немесе ағылшын) таңдауға мүмкіндігі бар.
- 4.15. Білім алушы оқу пәндерін, оқытушыларды және пәнді оқыту тілін таңдауды жеке білім беру қажеттіліктеріне сәйкес ерікті түрде жүзеге асыра алады.
- 4.16. Егер пәнге Университет белгілеген ең төменгі саннан аз білім алушы тіркелсе, ол пән тиімсіз болып саналып, білім алушылар қайтадан тіркеуден өтулері керек.
- 4.17. Ағымдағы оқу жылында қабылданған білім алушылар үшін оқу пәндеріне қайта тіркеу процедурасы 1-5 қыркүйек аралығында, 2-5 курс білім алушылары үшін 1-15 сәуір аралығында, пәндермен/немесе кәсіптік практиканы жазғы семестрде игеретін 2-5 курс білім алушылары үшін 25-30 тамыз аралығында өткізіледі.
- 4.18. Таңдау және пәнге жазылу негізінде білім алушының оқу жылына арналған Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады.
- 4.19. Білім алушылардың ЖОЖ-ын факультет деканы үш данада бекітеді: біреуі деканатта сақталады және білім алушының ББ-ны орындауы мен игеруін бақылауды жүзеге

асыру үшін негіз болады, екіншісі аралық аттестаттауды ұйымдастыру үшін СТҚКО-ға беріледі, үшіншісі білім алушыға тапсырылады.

- 4.20. Жеке оқу жоспарлары: ағымдағы оқу жылында қабылданған білім алушылар үшін 10 қыркүйекке дейін, 2-5 курс студенттері үшін 30 сәуірге дейін, 2-5 курс студенттері үшін 1 қыркүйекке дейін, пәндерді және/немесе кәсіптік практиканы жазғы семестрде игеретін 2-5 курс студенттері үшін 1 қыркүйекке дейін әзірленеді және бекітіледі.
- 4.21. Факультет деканы процедураны бекіткеннен кейін білім алушының ЖОЖ-ын өзгертуге жол берілмейді.
- 4.22. Егер білім алушы белгіленген мерзімде оқу пәндерін таңдауды жүзеге асырмаса, пәндерге тіркелмесе және өзінің ЖОЖ-ын қалыптастырмаса, онда оның оқу негізіне осы курстың жұмыс оқу жоспары қолданылады, бұл ретте таңдау бойынша пәндерді факультет деканы анықтайды.

## **5. Оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру саясаты**

- 5.1. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да оқу үдерісін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру оқытудың кредиттік технологиясы (ОКТ) бойынша жүзеге асырылады.
- 5.2. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да оқу жылының ұзақтығы академиялық күнтізбемен анықталады, ол университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.
- 5.3. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және ол академиялық кезеңдерден - теориялық білім алу семестрлерінен (ұзақтығы 15 апта), білімді аралық бақылаудан (емтихан сессияларынан), қорытынды аттестаттаудан (бітіру курсы үшін), кәсіптік практикадан, жазғы семестрден, каникулдан тұрады.
- 5.4. Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін өзінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақтан өте отырып, оқу пәндері мен кредиттерді игеру, үлгерімнің орташа балын (GPA) көтеру, аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын игеру үшін, оның ішінде ақылы негізде қос дипломды білім беру шеңберінде (ақылы негізде білім алушылар үшін, сонымен қатар білім беру гранты мен мемлекеттік тапсырыс иегерлері үшін) 6 аптадан кем емес мерзімде жазғы семестр ұйымдастырылады. Жазғы семестр 25 тамызға дейін аяқталуы тиіс.
- 5.5. Жазғы семестр бітіруші курс студенттері үшін ұйымдастырылмайды.
- 5.6. Жазғы семестр білім алушыларға пәндер бойынша қанағаттанарлықсыз бағаны жоюға, қайта қабылдау немесе ауысу кезінде пайда болған пән айырмашылығын жоюға, бұрын игерілген пререквизиттерге байланысты жеке жоспарға түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.
- 5.7. Жазғы семестр шеңберінде білім алушы аптасына 2 кредиттен артық емес кредит меңгеруге құқылы.
- 5.8. Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемі академиялық кредиттермен немесе академиялық сағаттармен өлшенеді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Бір академиялық сағат 50 минутқа тең.
- 5.9. Университетте оқудың барлық кезеңінде білім алушы ЖБМЖБС және ЖООКБМЖБС анықтайтын кредиттердің қажетті санын меңгеруі тиіс.

- 5.10. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредит немесе 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте білім алушы бір семестр ішінде 30 академиялық кредитті (типтік жүктемемен) игереді.
- 5.11. Семестр ішінде білім алушыларға академиялық кредиттердің аз немесе көп санын игеруге жол беріледі, бұл ретте оқу мерзімі артады немесе азаяды.
- 5.12. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу нәтижелері бойынша жеке оқу жоспарлары негізінде жұмыс оқу жоспарлары құрылады, әрбір ББ және кафедра бойынша оқу жүктемесі мен штаттық бірлік саны анықталады.
- 5.13. Оқу жұмыс жоспарлары факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітіледі.
- 5.14. Оқу сабақтары кестеге сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының кестесі оқу жылының әр семестріне құрастырылады және оны Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.
- 5.15. Оқу сабақтарының кестесі ББ жұмыс оқу жоспарларына сәйкес «Пән – Оқытушы» қағидаты бойынша жасалады.
- 5.16. Сабақ кестесі оқытушылар мен білім алушылардың міндетті түрде орындауына қажетті құжат болып табылады.
- 5.17. Оқу сабақтарын тиісті кафедралардың ПОҚ-ы жүргізеді: профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар, өндірістен тартылған тәжірибелі мамандар.
- 5.18. Дәрістік сабақтарды ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) және (немесе) бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атағы (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар оқытушылар және (немесе) аға оқытушылар қамтамасыз етеді.
- 5.19. Дәрістік сабақтар мен оқу сабақтарының басқа да түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, мәдениет, өнер, спортқа еңбегі сіңірген қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері, өндірістен тәжірибе-мамандар тартылуы мүмкін.
- 5.20. Дипломдық жұмыстарға (жобаларға), магистрлік диссертацияларға (жобаларға), докторлық диссертацияларға, ғылыми тағылымдамаларға, зерттеу практикаларына басшылықты БТ 53-1, 63, 97-1 тармақшаларына сәйкес ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) және бейін бойынша доктор жүзеге асырады.
- 5.21. Кафедра меңгерушілері семестр бойы ПОҚ-тың оқу сабақтарының өткізілуін, өзара сабаққа қатысуларын бақылайды, уақытша жұмысқа жарамсыздығы немесе ПОҚ-тың іссапарлары болған жағдайда оқу сабақтарын ауыстыруды ұйымдастырады.
- 5.22. Факультет декандары ПОҚ-тың оқу сабақтарын өткізуін, білім алушылардың оқу сабақтарына қатысуын, білім алушылардың ағымдағы үлгерімін және рейтинг нәтижелерін, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібін бақылайды.
- 5.23. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да оқу үдерісі келесі оқу-әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз етіледі: ББ; жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар); пәндердің электронды оқу-әдістемелік кешендері (ЭОӘК).
- 5.24. Оқу-әдістемелік құжаттамалардың формасы, құрылымы, әзірлеу және бекіту тәртібі СҚМУ 53 ІНҚ М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да Білім беру бағдарламаларын жасау және рәсімдеу ережесі және СҚМУ 39 ІНҚ М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-да оқу-



әдістемелік құжаттарды ресімдеу және әзірлеу бойынша талаптар мен әдістемелік ұсыныстармен анықталады.

- 5.25. ББ-ны Академиялық комитеттер әзірлейді, сараптамалық бағалаудан (ішкі және сыртқы) өтеді, Ғылыми кеңес бекітеді.
- 5.26. Кафедра меңгерушілерінің, факультет декандарының ББ жобалау және әзірлеу бойынша академиялық комитеттердің жұмысына араласуға құқығы жоқ.
- 5.27. ББ бакалавриат білім алушыларына негізгі ББ-мен (Major) қатар қосымша ББ-ны (Minor) меңгеру мүмкіндігін беруі тиіс.
- 5.28. Даярлаудың барлық деңгейлерінің ББ модульдік қағидат бойынша құрылады, ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес әзірленеді және оқыту нәтижесіне бағдарланады.
- 5.29. ББ, модуль, пән, кәсіби практика бойынша оқытудың әрбір нәтижесінің бағалау критерилері болуы тиіс және тиісті бағалау құралдарымен тексерілуі тиіс.
- 5.30. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың қосымша ББ (Minor) БП циклі ЖОО компонентінің 4 пәнінен тұрады, әрқайсысының көлемі 5 академиялық кредит, бір модульге біріктірілген.
- 5.31. Жоғары білім берудің негізгі ББ (Major) мазмұны үш циклдік пәндерден тұрады: жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндік пәндер (БП). ЖБП циклы міндетті компонент (МК) және таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. Базалық пәндер мен бейіндік пәндер циклдары жоғары оқу компоненті (ЖООК) мен таңдау компонентінің (ТК) пәндерін қамтиды.
- 5.32. ЖБП, БП, Бейіндеуші пәндер циклдерінің ЖООК және ТК жоғары білім беру ББ пәндерінің көлемі 5, 7 немесе 8 академиялық кредитті құрайды, ерекше жағдайларда 3, 4 кредит құрайды.
- 5.33. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ екі цикл пәндерінен тұрады: ЖООК және ТК пәндерін қамтитын бейінді пәндер мен базалық пәндер.
- 5.34. БП циклының ЖООК және ТК жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ББ пәндерінің көлемі ЖҚМЖМС-ға сәйкес анықталады, бейінді пәндер циклының көлемі 3 және одан да көп академиялық кредиттерді құрайды.
- 5.35. ЖБП циклының «Дене шынықтыру», «Шет тілі», «Қазақ (орыс) тілі» пәндерінен басқа әрбір оқу пәнінің қайталанбайтын бір атауы болуы тиіс.
- 5.36. Пәндер бірқатар білім салаларының түйіскен жерінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көпсалалы сипатта болуы тиіс.
- 5.37. Шет тілі, қазақ, орыс тілдерін оқыту деңгейлік моделге сәйкес жүргізіледі. Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігіне сәйкес келеді (A1, A2, B1, B2, C1, C2).
- 5.38. Білім алушыларды жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің әрбір ББ бойынша элективті пәндердің мазмұны туралы хабардар ету мақсатында ББ құрылымдық элементі болып табылатын элективті пәндер каталогы (ЭПК) әзірленеді. ЭПК-ге ЖБП, базалық пәндер және бейінді пәндер циклының ЖК және ТК –ның барлық пәндері енгізіледі.
- 5.39. Оқу пәндерінің мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру нысандары ЖБП циклінің үлгілік оқу бағдарламаларымен және пәндердің оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен) айқындалады.

- 5.40. Пәндердің оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) барлық пәндер бойынша дәріс сабақтарын жүргізетін оқытушы әзірлейді және 31 мамырға дейін факультеттің ОӘК бекітеді.
- 5.41. Пәннің бекітілген жұмыс оқу бағдарламасын (силлабус) М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың электрондық кітапханасында орналастырмаған оқытушы оқу сабақтарына жіберілмейді. Әрбір оқу сабағында оқытушыда бекітілген жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус) болуы тиіс.
- 5.42. Кәсіптік практикалардың барлық түрлерінің мазмұны практикалардың оқу бағдарламаларымен анықталады. Кәсіптік практиканың әрбір түрі бойынша практиканың жеке оқу бағдарламасы әзірленеді.
- 5.43. Практиканың оқу бағдарламаларын кафедра әзірлеп, 31 мамырға дейін факультеттің ОӘК бекітеді.
- 5.44. Бекітілген практиканың оқу бағдарламасы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ электронды кітапханасында орналастырылады.
- 5.45. Білім алушыларды практиканың әр түрінің ерекшеліктері, кәсіптік практикадан өтуге қойылатын талаптар, оқу құжаттарын толтыру ережелері туралы хабардар ету мақсатында кафедралар кәсіптік практиканың әдістемелік ұсыныстарын әзірлейді, олар оқу жылы басталғанға дейін факультеттің ОӘК бекітеді және М. Қозыбаев атындағы СҚМУ электронды кітапханасына орналастырылады.
- 5.46. Тіркеуші кеңсесінде аралық және қорытынды аттестацияны өткізу үшін кесте құрастырылады, оны Академиялық мәселелер бойынша проректор бекітеді.
- 5.47. Егер ББ сәйкес қорытынды аттестаттау нысаны дипломдық жұмыс (жобаны) жазу және қорғау болып табылса, кафедра оқу жылы басталғанға дейін факультеттің ОӘК бекітетін дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлейді және ол М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың электрондық кітапханасына орналастырылады.
- 5.48. Білім алушылардың пәндердің оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен), практикалардың оқу бағдарламаларымен, қорытынды аттестаттаудың кешенді емтихан бағдарламасымен, кәсіптік практиканың әдістемелік нұсқаулармен, дипломдық жұмыстарды (жобаларды), магистрлік диссертацияларды (жобаларды), докторлық диссертацияларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілуіне кафедра меңгерушісі оқу жылы басталғанға дейін жауапты болады.
- 5.49. Оқу және оқу-әдістемелік материалдарды (оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстар, дәрістер курстары, тестілер, электрондық оқу басылымдары және т.б.) оқытушының бекітілген жеке жоспарларына, кафедралардың жұмыс жоспарларына, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару жоспарларына сәйкес ПОҚ әзірлейді.
- 5.50. Академиялық адалдық лигасының талаптарына сәйкес, аралық аттестаттау кезінде пәндер бойынша емтихандардың 90% жазбаша түрде, 10% компьютерлік және шығармашылық түрде жоспарланады.
- 5.51. Білім алушының оқу жүктемесі аудиториялық және аудиториядан тыс болып бөлінеді.
- 5.52. Білім алушының аудиториялық жүктемесіне дәрістік сабақтар, практикалық сабақтар, зертханалық сабақтар, студиялық сабақтар жатады.
- 5.53. Білім алушының аудиториялық жүктемесінің үлесі пән көлемінің кемінде 30% құрайды. Пән көлемі 2 академиялық кредит болған жағдайда аудиториялық жүктеме

көлемі 18 академиялық сағатты құрайды, пән көлемі 3 академиялық кредит болған жағдайда – 30 академиялық сағат, пән көлемі 4 академиялық кредит болған жағдайда – 45 академиялық сағат, пән көлемі 5 академиялық кредит болған жағдайда – 60 академиялық сағат, пән көлемі 7 академиялық кредит болған жағдайда – 75 академиялық сағат, пән көлемі 8 академиялық кредит болған жағдайда – 90 академиялық сағат;

- 5.54. Білім алушының аудиториядан тыс жүктемесіне білім алушының өзіндік жұмысы жатады. Білім алушылардың өзіндік жұмысы оқытушының басшылығымен орындалатын өзіндік жұмысқа (БООЖ) және білім алушының толығымен өз бетінше орындайтын жұмысына (білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ) бөлінеді.
- 5.55. БООЖ дәріс сабақтарын жүргізетін оқытушыға, дәріс сабақтары болмаған жағдайда практикалық сабақтар жүргізетін оқытушыға жоспарланады.
- 5.56. БООЖ кафедра меңгерушісі бекіткен жеке кесте бойынша орындалады. Жұмыстың бұл түріне оқу бағдарламасының неғұрлым күрделі сұрақтары бойынша кеңес беру, тапсырмаларды орындау, семестрлік жұмыстарды, есептерді және өзіндік жұмыстың басқа да тапсырмаларын бақылау кіреді.
- 5.57. Өзіндік жұмыстың барлық түрлері жұмыс оқу бағдарламасында (силлабуста) нақты тапсырмаларды, бағалау критерийлерін және оларды тапсыру кестесін көрсете отырып, міндетті түрде сипатталады. БӨЖ тапсырмалары пән модульдерінің санымен, ал тапсырмаларды тапсыру мерзімі модульдерді оқуды аяқтау мерзімдерімен анықталады.
- 5.58. Егер білім алушыға өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау қиын болмаса немесе оны алдын ала орындаса және пән бойынша БӨЖ тапсырмаларының барлық түрлерін тапсырса, БООЖ кестесі бойынша оның аудиторияда болуы міндетті емес. Сонымен қатар, білім алушының тапсыра алмаған жұмыстарын және ұпайларын көтеру бойынша тапсырмаларын оқытушы тек БООЖ-де қабылдайды. Басқа уақытта оқытушы білім алушының ұпайларын өтеуі және жетілдіруінен бас тартуға құқылы.
- 5.59. БООЖ кестесіне сәйкес оқытушының аудиторияда болуы міндетті болып табылады. БООЖ-дерді дәріс, практикалық, зертханалық немесе студиялық сабақтармен ауыстыруға рұқсат етілмейді.
- 5.60. Пән бойынша білім алушының жалпы оқу жүктемесінде теориялық білім берумен қатар (аудиториялық және аудиториядан тыс жүктеме) 1 академиялық кредитке 3 академиялық сағат есебінен емтиханға дайындалуға және тапсыруға жүктеме жоспарланады.
- 5.61. Барлық ББ бойынша ҚБТ қолдана отырып, оқыту аудиториялық, БӨЖ, қашықтықтан оқытылатын сабақтардың үйлесіміне негізделеді.
- 5.62. ҚБТ қолданылатын ББ бойынша аудиториялық, аудиториядан тыс сабақтардың, пән бойынша емтиханға дайындалу және тапсыру бойынша академиялық сағаттардың ара қатынасының өзгеруі мүмкін.
- 5.63. Қашықтықтан оқу сабақтары on-line және / немесе off-line режимінде келесі түрде өткізіледі: дәріс-бейнесабак, вебинар, күндізгі-қашықтықтан; практикалық сабақ - бейнесабак, вебинар, форумдағы пікірталастар, «eLearningNKZU» ҚББЖ-да on-line және off-line файлдармен және хабарламалармен алмасу; зертханалық сабақ-бейнесабак, файлдармен алмасу, мультимедиа-технологияларды, ГИС-технологиялар, имитациялық модельдеу және т. б. қолданылған виртуалды зертханалық практикумдар; тренингтік компьютерлік бағдарламалар (оқыту, ойын, зерттеу, тестілеу және т. б.), компьютерлік үлгілерде сабақтар, білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (БООЖ) - вебинар, ҚББЖ-да on-line және off-line

файлдармен және хабарламалармен алмасу; өзін тексеру режимінде компьютерлік тестілеу (тек on-line).

- 5.64. ҚБТ бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруда білім алушыларға әдістемелік көмек көрсету жүйесі сессиялар арасында өткізіледі және күндізгі жеке, «eLearningNKZU» ҚББЖ-да қашықтықтан жеке e-mail, on-line хабарламалар және форум сияқты бірнеше формада кеңес беру түрінде болуы мүмкін.
- 5.65. ҚБТ бойынша білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін пәндердің электронды оқу-әдістемелік кешендері (ЭОӘК) әзірленеді.
- 5.66. ЭОӘК-ні оқытушы немесе оқытушылар тобы әзірлейді және 31 мамырға дейін факультеттің ОӘК бекітеді.
- 5.67. Электрондық кітапханада орналастырылған, бекітілген ЭОӘК болмаған жағдайда оқытушыға оқу жылына оқу жүктемесі жоспарланбайды.
- 5.68. Білім алушылардың ЭОӘК-мен қамтамасыз етілуіне осы пән бекітілген кафедра меңгерушісі жауап береді.
- 5.69. Экономика салаларының нақты қажеттіліктерін ескере отырып, білікті кадрларды даярлау моделін жетілдіру және практикалық-бағдарлы оқытуды іске асыру мақсатында М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да дуальді оқыту элементтері іске асырылуда.
- 5.70. Негізгі ББ бойынша оқу үдерісін үш тілде жоспарлау және ұйымдастыру мүмкіндігі бар: оқу тілінде, екінші және ағылшын тілдерінде. Бұл ретте оқу пәндерінің 50% оқу тілінде (мемлекеттік немесе орыс тілінде), 20% оқу пәндері – екінші тілде (сәйкесінше орыс немесе мемлекеттік) және 30% оқу пәндері ағылшын тілінде оқытылуы көзделеді.
- 5.71. Интернатурада оқу сабақтары клиникалық кафедралар базасында ұйымдастырылады және өткізіледі.
- 5.72. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде ҚОТ-ты қолдану арқылы білім беру процесі М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру процесін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады
- 5.73. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде 5.61-тармақтардың қолданылуы тоқтатыла тұрады.

## **6. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және кәсіпорындарды (ұйымдарды) практикалар базасы ретінде анықтау саясаты**

- 6.1. Білім алушылардың кәсіптік практикасы ББ құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушыларды практика базаларында кәсіптік-практикалық жағынан даярлауды көздейтін оқу үдерісін ұйымдастыру формаларының бірі болып табылады.
- 6.2. Кәсіптік практика теориялық оқытудың жалғасы болып табылады және ББ-да оқу мақсаттары мен оқу нәтижелерінің бірлігін болжайтын оқу пәндері бар модульге енгізіледі. Бұл ретте кәсіптік практиканың әр түрі түрлі модульдерге жатады.
- 6.3. Кәсіптік практика білім алушылардың жалпы кәсіптік және кәсіптік құзыреттіліктерін меңгеру үдерісінің үздіксіздігін және реттілігін қамтамасыз етуге бағытталған және 1- курстан жоспарланады.
- 6.4. Білім алушылардың кәсіптік практикасы оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы және зерттеушілік болып бөлінеді.

- 6.5. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, мазмұны ББ, академиялық күнтізбемен және практиканың оқу бағдарламаларымен анықталады. Кәсіптік практиканың әрбір түрінің өзіндік мақсаттары, міндеттері бар, соның негізінде кәсіптік практиканың тиісті базасы анықталады.
- 6.6. 6B01 Педагогикалық ғылымдар және 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім беру салаларының ББ қоспағанда бакалавриаттың барлық ББ-сының кәсіптік практикасы оқу, өндірістік және диплом алдындағы болып бөлінеді. 6B01 Педагогикалық ғылымдар білім беру саласының ББ бойынша оқу, психологиялық-педагогикалық, педагогикалық және диплом алдындағы кәсіптік практикалары болып бөлінеді.
- 6.7. Магистранттар мен докторанттардың кәсіптік практикасының келесі түрлері бар: педагогикалық практика, өндірістік практика, зерттеу практикасы.
- 6.8. Оқу практикасы ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелері мен зертханаларында, басқа ұйымдарда (білім беру, өндірістік, ғылыми-зерттеу, жобалау) жүргізіледі, олардың негізгі қызметі берілген ББ бойынша оқу бітірушілердің кәсіптік қызметінің нысандары мен түрлерінің болуын алдын ала анықтайды. Педагогикалық практика Петропавл қаласының және СҚО білім беру ұйымдарында, сондай-ақ ҚР және одан тыс жерлерде өткізіледі. Өндірістік практика берілген ББ бойынша білім алған түлектердің білім беру ұйымдарында (білім беру, өндірістік, ғылыми-зерттеу, жобалау) ұйымдастырылады, олардың негізгі қызметі осы ББ бойынша бітірушілердің кәсіби қызметінің нысандары мен түрлерінің болуын алдын ала анықтайды. Зерттеу практикасы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ базасында немесе магистрлік жұмыстың (жобаның) немесе докторлық диссертацияның эксперименталды немесе тәжірибелік бөлігі жүзеге асырылатын ұйымдар мен кәсіпорындар базасында ұйымдастырылады.
- 6.9. Дипломдық жұмысты орындайтын білім алушылар үшін бітіру курстарында диплом алдындағы практика ұйымдастырылады. Диплом алдындағы тәжірибенің мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен анықталады. Диплом алдындағы практиканың мақсаты жеке тапсырмаға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) орындау үшін қажетті материалдарды жинақтау және жүйелеу; дипломдық жұмысты жазу болып табылады.
- 6.10. Білім алушылардың кәсіптік практикасының ұзақтығы академиялық кредиттермен анықталады. Практиканың 1 академиялық кредиті 30 академиялық сағатты немесе 1 аптаны (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат немесе 6 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 5 сағат) құрайды.
- 6.11. Практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей практика базасы болып табылатын кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен практика өткізу бойынша шарттар жасалады.
- 6.12. Шарт үш жақты (білім алушы – М. Қозыбаев атындағы СҚМУ – практика базасы) да, екі жақты (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ – практика базасы) да болуы мүмкін. Екі жақты шартта осы базада практикадан өте алатын білім алушылардың ББ атаулары міндетті түрде көрсетіледі.
- 6.13. Кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарттар МжЖОО-де сақталады.
- 6.14. Білім алушыларды практикаға жіберу ректордың бұйрығымен декандардың МжЖОО-ға ұсынған ұсыныстары негізінде ресімделеді.
- 6.15. Теориялық оқуды аяқтамаған (академиялық қарызы немесе академиялық айырмасы бар) бітіруші курстың білім алушылары өндірістік және диплом алдындағы практикаға жіберілмейді.

- 6.16. 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім беру салаларының ББ қоспағанда, жоғары білімі немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар студенттер ББ сәйкес келетін лауазымдарда жұмыс істеген жағдайда оқу, өндірістік және педагогикалық практикадан өтуден босатылады. Бұл жағдайда білім алушылар кафедраға 1 қыркүйектен кешіктірмей атқаратын лауазымы, жұмыс өтілі көрсетілген жұмыс орнынан анықтама ұсынады және кафедра ұсынған жеке тапсырманы орындайды. ББ кәсіби қызметінің саласына сәйкес келмейтін лауазымдарда жұмыс істейтін студенттер белгіленген тәртіппен кәсіптік практикадан өтуге жіберіледі.
- 6.17. Білім алушыға практика базасына жіберу кезінде деканның қолы қойылған кәсіптік практикадан өтуге жолдама, кафедра меңгерушісі бекіткен кәсіптік практиканың жоспар-кестесі, практика кезеңіне жеке тапсырма, практика күнделігі беріледі. Университет базасында практикадан өткен жағдайда білім алушыға практикаға жолдама берілмейді.
- 6.18. Практика басталғанға дейін білім алушы практиканың жұмыс оқу бағдарламасымен, кәсіптік практика бойынша әдістемелік нұсқаулармен, қажет болған жағдайда медициналық комиссиядан өтуі тиіс.
- 6.19. Білім алушылардың практикасына ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты, оның жүргізілуін бақылауды кафедра мен практика базасынан практика жетекшісі жүзеге асырады.
- 6.20. Практика жетекшісі кафедрадан практика басталғанға дейін білім алушыларды практика бойынша нормативтік құжаттармен, практиканттардың құқықтары мен міндеттерімен, практиканттарға қойылатын талаптармен (мерзімі, күн тәртібі және т.б.), практикадан өту орындарындағы қауіпсіздік техникасы бойынша ережелермен, іс-тәжірибе бойынша есеп беру құжаттамасын ресімдеу және тапсыру тәртібімен таныстыруды ұйымдастырады.
- 6.21. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаумен танысу туралы жазба практика күнделігінде тіркеледі.
- 6.22. Практика түрлері басталар алдында кафедралардан практиканың жауапты жетекшісі конференция ұйымдастырып өткізеді. Қажет болған жағдайда практиканың бірнеше практикалары/түрлері бойынша кешенді анықтау конференциясын өткізуге болады. Практика жөніндегі анықтау комиссиясының отырыстары хаттамаланады.
- 6.23. Практика базасынан тағайындалған басшылар шарт талаптарына сәйкес жұмыс жоспар-кестесін және жұмыс оқу практикасының бағдарламасын табысты орындау үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды.
- 6.24. Практика барысында білім алушы практика бағдарламасын және практика бағдарламасында қарастырылған жеке тапсырманы толық орындауы, практика күнделігін жүргізуі, практика базасында қолданылып жүрген ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне бағынуы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария ережелерін қатаң сақтауы тиіс.
- 6.25. Білім алушының практика бағдарламасында көзделмеген жұмыстарға қатыспауға, мамандық бейіні бойынша ақылы лауазымдарға бос орындар болған жағдайда қабылдануға, кәсіптік практиканы жетілдіру (жақсарту) бойынша ұсыныстар енгізу құқығы бар.
- 6.26. Практика қорытындысы бойынша білім алушылар тиісті кафедраға есеп береді, оны практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды. Практика нәтижелерін практика жетекшілері болып

табылатын оқытушылар аттестаттау ведомосына енгізеді. Ведомость аттестаттау ведомосінде көрсетілген күні СТҚКО-ға тапсырылады.

6.27. Кәсіптік практикадан өтпеген, кәсіптік практика бағдарламасын орындамаған, жұмысы туралы теріс пікір немесе есепті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы негізде практикаға қайта жіберіледі.

6.28. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде университетте кәсіби тәжірибе М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады.

## **7. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты**

7.1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік және әділдік, ашықтық қағидаттарына негізделеді.

7.2. Факультет деканы білім алушылардың үлгеріміне, академиялық берешегіне, академиялық айырмашылықтарына үнемі мониторинг жүргізеді.

7.3. Білім алушылардың оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

7.4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалаудың негізгі түрлері: ағымдағы бақылау, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау болып табылады.

7.5. Білім алушылардың үлгерімі ағымдағы, аралық бақылау және аралық және қорытынды аттестаттау кезеңдерінің құрылымы, дәйектілігі және саны білім беру бағдарламасымен, оқу жұмыс жоспарларымен, академиялық күнтізбемен, пәндердің оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен) регламенттеледі.

7.6. Бірінші оқу сабағында оқытушы міндетті түрде білім алушыларды пәннің жұмыс оқу бағдарламасының мазмұнымен (силлабуспен), оқу пәні бойынша жоспарланған оқу нәтижелерімен және оларды бағалау рәсімдерімен таныстырады.

7.7. Үлгерімді ағымдағы бақылаудың мақсаты білім алушылардың пәндерді меңгеруін тұрақты және жеке бағалау, олардың өзіндік оқу/ғылыми жетістіктерін көрсетуге ынталандыру, оқу сабақтарын өткізу әдістемелерін жетілдіру болып табылады.

7.8. Үлгерімді ағымдағы бақылау білім алушыларға оқу сабақтарындағы, оның ішінде дәрістік сабақтардағы, зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау, білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ) тапсырмаларын және жұмыс оқу бағдарламасында (силлабуста) қарастырылған басқа да жұмыс түрлерін орындау арқылы теориялық материалды меңгерудің нақты бағасын қамтиды.

7.9. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір модулі және оқу тапсырмасының әрбір түрі бойынша жүргізіледі.

7.10. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау нысандары жұмыс оқу бағдарламасымен (силлабуспен) анықталады.

7.11. БӨЖ БОӨЖ шеңберінде ағымдағы бақылау кезінде бағаланады және курстық жұмыстарды/жобаларды, семестрлік тапсырмаларды орындауды, ағымдағы оқу сабақтарына дайындықты және пәннің жұмыс оқу бағдарламасында (силлабуспен) белгіленген басқа да нысандарды қамтиды.

- 7.12. Аралық аттестаттау нысаны емтихан немесе курстық жұмыс/жоба бар пәндер үшін үлгерімді ағымдық бақылау бағасы (жіберу рейтингісінің бағасы) аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы ағымдық бақылау бағасынан, аралық бақылау бағасынан құралады және мына формула бойынша есептеледі:  
 **$ЖР = (АБ1 + АБ2 + АБ3 + \dots + АБn + КБ1 + КБ2) / (n+2)$** , мұнда  
 ЖР – жіберу рейтингісі,  
 АБ – ағымдағы бақылау,  
 КБ – кезеңдік бақылау,  
 n – ағымдағы бақылаулардың саны.
- 7.13. Егер пән бойынша курстық жұмыс/жоба және емтихан қарастырылған болса, үлгерімді ағымдағы бақылау бағасы немесе рұқсат рейтингі мынадай формула бойынша есептеледі:  
 **$ЖР = (АБ1 + АБ2 + \dots + АБn + КБ1 + КБ2 + КЖ(КЖ) / (n+3)$** , мұнда  
 ЖР – жіберу рейтингісі,  
 АБ – ағымдағы бақылау,  
 КБ – кезеңдік бақылау,  
 КЖ (КЖ) – Курстық жұмыс/жоба бағасы  
 n – ағымдағы бақылаулардың саны.
- 7.14. Кезеңдік бақылау білім алушылардың белгілі бір кезең ішіндегі қызметін бағалауды қамтиды (пән курсының модульі немесе бірінші жартысы)
- 7.15. Кезеңдік бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес бір академиялық кезеңде екі рет бір оқу пәні аясында 8 және 15 аптада келесі формада жүргізіледі: бақылау жұмысы немесе есеп-графикалық жұмыстар, тестілеу, коллоквиум және пәннің жұмыс оқу бағдарламасында (силлабус) қарастырылған басқа да жұмыс түрлері.
- 7.16. Пән бойынша аралық аттестаттауға жіберілуі үшін білім алушы кемінде 50 ұпай жинауы және жұмыс оқу бағдарламасында (силлабус) қарастырылған жағдайда курстық жұмысты/жобаны жақсы бағаға қорғауы қажет.
- 7.17. Білім алушы пән бойынша жіберу рейтингісінде 50 ұпайдан кем алса, емтихан тапсыруға жіберілмейді.
- 7.18. Курстық жұмыстарын / жобаларын тапсырмаған білім алушылар емтихан тапсыруға жіберілмейді.
- 7.19. Егер пән бойынша ББ-ға сәйкес бақылау формасы тек курстық жұмыс (жоба) болса, курстық жұмысты (жобаны) қорғау бойынша баға 7.42 т. сәйкес пән бойынша жалпы қорытынды баға болып табылады.
- 7.20. Білім алушыларды аралық аттестациялау ББ-ға, академиялық күнтізбеге, жұмыс оқу жоспарына, білім алушының жеке оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және нақты белгіленген мерзімде өткізіледі.
- 7.21. Білім алушылардың аралық аттестациясы емтихан сессиясы деп аталады. Қысқы және жазғы емтихан сессиялары белгіленген. Жазғы емтихан сессиясы курстан курсқа көшіру кезеңі болып табылады және оның нәтижесі бойынша деканның ұсынысымен білім алушыны курстан курсқа ауыстыру туралы ректордың бұйрығы шығарылады.



- 7.22. Білім алушы ауырса, отбасылық жағдайы бойынша (баланың тууы, жақын туыстарының қайтыс болуы), оқу немесе іскерлік сапарда болса, растайтын құжаттары болған жағдайда оның жеке өтінішінің (факультет деканының атына) негізінде берілген Академиялық саясаттың 3.17 тармағына сәйкес академиялық күнтізбе аясында жеке кесте бойынша емтихан сессиясын тапсыруға рұқсат берілуі мүмкін. **Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі қолданылған жағдайда М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыру Ережелеріне сәйкес академиялық күнтізбе шеңберінде жеке кесте бойынша емтихан сессиясын тапсыруға рұқсат етіледі.**
- 7.23. Аралық бағалаудың мақсаты білім алушының ББ оқу нәтижелерін, оның ішінде семестр қорытындысы бойынша оқу пәнінің жеке немесе тұтас бөлігін меңгеру сапасын бағалау болып табылады.
- 7.24. Аралық аттестаттау формалары: емтихан немесе пән бойынша немесе кәсіби практика бойынша дифференциалды тестілеу.
- 7.25. Емтихан формасы ББ бойынша анықталады.
- 7.26. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да емтихан түріндегі аралық аттестаттаудың негізгі формалары жазбаша емтихан, компьютерлік тестілеу, шығармашылық емтихан болып табылады.
- 7.27. Білім алушыларға емтихан тапсыруда тіл (қазақ, орыс, шет тілі) таңдау құқығы беріледі. Оқу тілінен басқа тілде емтихан тапсыруға ниет білдірген білім алушы сессия басталғанға дейін бір ай мерзімнен кешіктірмей факультет деканына жазбаша өтініш береді.
- 7.28. Емтихан материалдары бағалау критерийлерімен бірге емтихан сессиясы басталғанға дейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей кафедра мәжілісінде жыл сайын бекітіледі және білім алушыларға беріледі.
- 7.29. Пән бойынша тест тапсырмаларының көлемі келесі пропорцияға сәйкес келуі керек: пән бойынша 1 кредитке кемінде 120 тест тапсырмасы, бірақ тест тапсырмаларының саны 1000-нан аспауы керек.
- 7.30. Білім алушыларға компьютерлік тестілеу үшін тест базасы жауапсыз беріледі.
- 7.31. Оқу пәндері бойынша бір модуль аясында жазбаша немесе шығармашылық емтихан түріндегі емтихан кешенді емтихан түрінде болуы мүмкін.
- 7.32. Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан кезінде бейінділігі мен жақындығы принципі сақталып екі пән бойынша кешенді емтихан белгілеуге болады.
- 7.33. Тестілеу түрінде өткізілген емтихандарда білім алушыларға 50 тест тапсырмасынан тұратын тест ұсынылады. Бір тест тапсырмасын орындауға бір минут беріледі. Әр дұрыс жауап 2 ұпаймен бағаланады.
- 7.34. «Дене шынықтыру» пәнінен дифференциалды сынақ емтихан сессиясы аяқталғанға дейін қабылданады.
- 7.35. ҚБТ бойынша оқитын білім алушылардың аралық және қорытынды бақылаулары бетпе-бет өткізіледі.
- 7.36. Емтихан сессиясына жіберу екі кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезеңде факультет деканының / институт директорының өкімімен оқу ақысын толық төлеген білім алушылар емтихан сессиясына жіберіледі; екінші кезеңде пәндер бойынша академиялық үлгерімнің ағымдық және аралық бақылау нәтижелері бойынша анықталатын рейтинг бағасы негізінде білім алушы емтиханға автоматты түрде

жіберіледі. Емтиханға автоматты түрде жіберу белгісі емтихан ведомосіне әр білім алушының аты-жөнінің қасына қойылады.

- 7.37. Аралық аттестаттауды өткізу үшін факультет декандарының ұсынысы негізінде ректор бұйрығымен емтихан сессиясы басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей апелляциялық комиссияның құрамы бекітіледі.
- 7.38. Аралық аттестация кезінде апелляциялық комиссияның төрағасы Академиялық мәселелер жөніндегі проректор болады.
- 7.39. Аралық аттестация кезінде апелляциялық комиссияның отырысында хаттама толтырылады.
- 7.40. Емтихан барысында білім алушылар пәндер мен анықтамалық әдебиеттердің силлабустарын пайдалана алады.
- 7.41. Емтихан аяқталып, емтихан жұмысына баға берілгеннен кейін, әр пән бойынша студенттің оқу жетістіктерін бағалайтын қорытынды баға қойылады.
- 7.42. Пән бойынша қорытынды баға жіберу рейтингісінің және қорытынды бақылаудың бағаларынан тұрады. Қорытынды бағалаудағы жіберу рейтингісінің үлесі 60%, қорытынды бақылаудың үлесі 40% құрайды. Қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:  $ҚБ = 0,6 * ЖРБ + 0,4 * ИК$ , мұнда ҚБ – қорытынды баға, ЖРБ – жіберу рейтингісінің бағасы, ҚБ- емтихан бағасы немесе курстық жұмысты (жобаны) қорғау балдары 7.19 т. анықталған жағдайда.
- 7.43. «Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология)» пәні бойынша қорытынды баға жіберу рейтингі мен қорытынды бақылау бағасын қамтиды. Қорытынды бағалаудағы жіберу рейтингісінің үлесі 60%, қорытынды бақылаудың үлесі 40% құрайды. Қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:  $ҚБ = 0,6 * \frac{ЖРБ1 + ЖРБ2 + ЖРБ3 + ЖРБ4}{4} + 0,4 * КЕ$ , мұнда ҚБ – қорытынды баға, ЖРБ1 – саясаттану бойынша жіберу рейтингісінің бағасы, ЖРБ2 – әлеуметтану бойынша жіберу рейтингісінің бағасы, ЖРБ3 – мәдениеттану бойынша жіберу рейтингісінің бағасы, ЖРБ4 – психология бойынша жіберу рейтингісінің бағасы, КЕ-комплекті емтиханның емтихандық бағасының балдары.
- 7.44. Бір академиялық кезеңде оқитын пәндер бойынша кешенді емтиханның қорытынды бағасы 7.42 т. сәйкес әрбір пән бойынша қойылады.
- 7.45. Кәсіби тәжірибе нәтижелері бойынша қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:  $ҚБ = 0,4 * ББ + 0,6 * ҚК$ , мұнда ҚБ – қорытынды баға, ББ – тәжірибе базасынан жетекшінің бағасы, ҚК – практика бойынша есепті қорғау бағасы.
- 7.46. Магистранттардың, докторанттардың ҒЗЖ/ЭИР бойынша қорытынды бағасы мына формула бойынша есептеледі:  $ҚБ = 0,6 * ЖРД + 0,4 * ҚК$ , мұнда ҚБ – қорытынды баға, ЖРБ – жіберу рейтингісінің бағасы, ҚК-магистранттардың, докторанттардың ҒЗЖ/ЭИР бойынша есепті қорғау үшін бағалау балдары магистранттың, докторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес.
- 7.47. Емтихан нәтижелері бойынша қорытында баға балмен және әріппен қойылады. Емтихан қорытындысы бойынша балдар мен әріптік жүйемен берілген бағалардың арақатынасы келесі кестеде берілген:

Әріппен ұсынылған баға	Сандық эквивалент	Ұпаймен ұсынылған баға	Дәстүрлі жүйесінде көрсетілген баға
А	4,0	95-100	Үздік

Әріппен ұсынылған баға	Сандық эквивалент	Ұпаймен ұсынылған баға	Дәстүрлі жүйесінде көрсетілген баға
A-	3,67	90-94	Жақсы
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз

- 7.48. Емтихан нәтижесі, «Дене шынықтыру» пәні бойынша дифференциалды сынақ, кәсіптік практика, магистранттар, докторанттардың FЗЖ/ЭЗЖ бойынша есепті қорғау бойынша қорытынды баға 50 балл және одан жоғары болған жағдайда ББ сәйкес пәні бойынша белгіленген көлемде игерілген кредиттерді есепке алуға және оларды білім алушының транскриптіне енгізуге негіз болады.
- 7.49. Қорытынды бақылаудың бағасын көтеру мақсатында қайта тапсыру жазғы семестр уақытында ғана мүмкін.
- 7.50. Білім алушы емтиханда «FX» әріптік жүйесіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағасын алса, оқу пәнін/модулін қайта оқымай-ақ емтиханды ақылы түрде екі рет қайта тапсыра алады.
- 7.51. FX белгісіне сәйкес бағаны алған білім алушы келесі академиялық кезеңге дейін емтихан тапсыра алады, ал жазғы емтихан қорытындысы бойынша курстан курсқа көшу бұйрығы шыққанша дейін емтиханды қайта тапсыра алады.
- 7.52. Егер білім алушы емтиханды қайта тапсыру кезінде FX белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» (FX немесе F болғанына қарамастан) бағасын алса, ол академиялық үлгермеуіне байланысты университеттен шығарылады және ЖБП циклы пәндерінен басқа сол пәнді қайта меңгере алмайды.
- 7.53. Білім алушы келесі демалыс уақытында сол пән жоқ оқу бағдарламасына қайта орала алады.
- 7.54. Білім алушы емтиханда «F» бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағасын алса, пәнге қайта тіркеліп, оны жазғы семестр немесе келесі академиялық кезеңде ақылы түрде меңгере алады.
- 7.55. Егер білім алушы емтиханда келесі академиялық кезеңдегі пәндердің пререквизиті болып табылатын пән бойынша "F" бағасын алған және академиялық қарызды жоймаған жағдайда, ол пәнге тіркелу рәсімінен қайта өтуі және келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыруы тиіс.
- 7.56. Білім алушы емтиханға келмеген жағдайда, емтихан алушы емтихан ведомосіне тіркейді.
- 7.57. Білім алушы Академиялық саясаттың 3.26 тармағында көрсетілген белгілі бір себептермен емтиханға келмеген жағдайда, СТҚКО-ға жазған өтініші мен растайтын құжаттарын уақытында тапсырса, Академиялық саясаттың 3.17

тармағына сәйкес декан факультетінің өкімімен академиялық күнтізбе аясында емтихан тапсыру үшін жеке кесте белгіленеді. **Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде білім алушының емтиханға келмеуінің дәлелді себебі болған жағдайда осы білім алушыға емтихан тапсырудың жеке кестесі М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес белгіленеді.**

- 7.58. Білім алушының дәлелді себептері болмаған немесе Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың атына уақытында өтініш жазбаған және (немесе) дәлелді себептердің болуын растайтын құжаттары болмаған жағдайда оның емтиханға келмеуі «қанағаттанарлықсыз» «F» бағасына бағасына теңестіріліп, қайта тапсыру 7.54 тармағына сәйкес жүргізіледі.
- 7.59. Емтихан ведомосі емтихан тапсырған күні СТҚКО-ға тапсырылады.
- 7.60. Пән бойынша жазбаша немесе шығармашылық емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы, кәсіптік практика бойынша есепті қорғау, курстық жұмысты (жобаны) қорғау, FЗЖ/ЭИР бойынша есепті қорғау, апелляция туралы емтихан өткізілгеннен немесе практика бойынша есепті, курстық жұмысты (жобаны), FЗЖ/ЭИР бойынша есепті қорғағаннан кейін келесі жұмыс күні сағат 13:00-ден кешіктірмей СТҚКО-ға апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляция туралы өтініш береді.
- 7.61. Пән бойынша жазбаша немесе шығармашылық емтихан нәтижелерінің, кәсіби практика бойынша есепті қорғау нәтижесінің апелляциясы туралы білім алушының өтініші 7.60 тармағында белгіленген мерзімнен кеш СТҚКО-ға қабылданбайды және апелляциялық комиссияда қаралмайды.
- 7.62. Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан нәтижелеріне апелляция туралы емтихан күні ғана СТҚКО-ға факультет деканының атына өтініш беруге құқылы.
- 7.63. 7.62 тармағында белгіленген мерзімнен кеш емтихан нәтижелерінің апелляциясы туралы білім алушының өтініші СТҚКО-ға қабылданбайды және апелляциялық комиссияда қаралмайды.
- 7.64. Емтихан нәтижелерінің апелляциясы туралы өтініште білім алушы апелляцияны өткізудің негізділігі мен қажеттілігін анықтайды. Білім алушының емтихан нәтижелерінің апелляциясы туралы арыздары апелляция қажеттілігі негізінсіз қабылданбайды және апелляциялық комиссиямен қаралмайды.
- 7.65. Апелляциялық комиссия апелляцияға өтініш бергеннен кейін келесі жұмыс күні сағат 17:30-дан кешіктірмей, бағалау өлшемдерін басшылыққа ала отырып, білім алушының емтихан жұмысын қарайды және білім алушының апелляция туралы өтінішін қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы шешім қабылдайды<sup>7</sup>
- 7.66. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамадан үзінді көшірме түрінде ресімделеді және комиссия отырысы күні апелляцияға берілген өтініште көрсетілген білім алушының электрондық мекенжайына жіберіледі, сондай-ақ апелляцияны қанағаттандырған жағдайда қорытынды баға қою үшін СТҚКО-ға ұсынылады.
- 7.67. СТҚКО апелляциялық комиссия хаттамасының үзіндісі негізінде білім алушыға жеке емтихан ведомосі (жолдама) жасайды, ол негізгі емтихан ведомосына қоса беріледі.
- 7.68. Егер білім алушы жұмысты түсініксіз жазумен орындаған болса, жазбаша түрдегі аралық аттестаттау нәтижелерінің апелляциясы қаралмайды.

- 7.69. Курстың емтихан сессияларының қорытындысы бойынша, жазғы семестр нәтижелері ескеріле отырып, білім алушының оқу жетістіктерінің орташа бағасы (GPA) автоматты түрде есептеледі.
- 7.70. Бакалавриат деңгейінде кадрларды даярлаудың барлық ББ және (немесе) бағыттарының білім алушылары «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды курс аяқталған соң сол академиялық кезеңде тапсырады.
- 7.71. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу формасы М. Қозыбаев СҚМУ ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ББ-мен анықталады.
- 7.72. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан бағдарламасы ҚТЖӨГП кафедрасында жасалып, барлық факультет декандарымен келісіліп, 30 қазанға дейін тарих, экономика және құқық факультетінің ОӘК-сінде бекітіледі.
- 7.73. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін 10 қаңтарға дейін факультет декандарының ұсынысы мен М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Ғылыми Кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен комиссия төрағалары мен мүшелері анықталып, мемлекеттік емтихан комиссиясы құрылады, ол күнтізбелік жыл ішінде әрекет етеді.
- 7.74. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.
- 7.75. «Қазақстанның қазіргі тарихы» пәні бойынша МЕК отырыстары әр білім алушыға жеке хаттамамен рәсімделеді және оған отырысқа қатысқан комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.
- 7.76. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша МЕК отырысының хаттамасын осы пән бойынша сабақ жүргізетін кафедраның оқу-көмекші қызметкерлері арасынан тағайындалатын хатшы жүргізеді.
- 7.77. Егер білім алушы «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша МЕК отырысына келмесе, онда хаттамада оның аты-жөніне қарама-қарсы «келмеді» деген белгі қойылады.
- 7.78. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан нәтижелері бойынша білім алушыларға жіберу рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасы ескеріле отырып, қорытынды баға қойылады. Бұл ретте жіберу рейтингісінің бағасы пән бойынша қорытынды білім бағасының 60% құрайды және мемлекеттік емтихан бағасы пән бойынша қорытынды білім бағасының 40% құрайды. Қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:  $ҚБ = 0,6 * ЖРБ + 0,4 * ҚБ$ , мұнда ҚБ-қорытынды баға, ЖРБ – жіберу рейтингісінің бағасы, ҚБ - мемлекеттік емтихан бағасының балдары (қорытынды бақылау).
- 7.79. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның нәтижелері 7.42 тармағына сәйкес балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады.
- 7.80. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның нәтижелері бойынша «FX» әріптік бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушының емтиханды оқу пәнінің/модульдің бағдарламасын қайта өтпей ақылы негізде екі рет қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.
- 7.81. Емтиханды «FX» белгісіне сәйкес бағадан қайта тапсыруға келесі академиялық кезең басталғанға дейін, ал жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша курстан

курса ауыстыру туралы бұйрық шыққанға дейін рұқсат етіледі. Курстан курса ауыстыру туралы бұйрық шыққаннан кейін «FX» белгісіне сәйкес емтихан бағасы академиялық берешекке айналады.

- 7.82. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан нәтижелері бойынша «F» бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушы пәнге қайта тіркеледі және оны жазғы семестрде немесе келесі академиялық кезеңде ақылы негізде оқиды.
- 7.83. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның оң бағасын көтеру мақсатында қайта тапсыру жазғы семестрде жүзеге асырылады.
- 7.84. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы мемлекеттік емтихан өткізілгеннен кейін келесі күні 13:00-ден кешіктірмей аралық аттестаттау кезеңінде құрылған апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляцияға береді.
- 7.85. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның апелляциялық комиссиясының шешімі академиялық саясаттың 7.60, 7.61, 7.62, 7.63 тармақшаларына сәйкес қаралады және ресімделеді.
- 7.86. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда МЕК отырысының хаттамасы қайта ресімделеді. Бұл жағдайда бірінші хаттаманың нәтижесі: «Бағалау \_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттамамен қайта қаралды» деген жазумен белгіленіп, оған МЭК барлық қатысушы мүшелері қол қояды.
- 7.87. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижелері тапсыру қарастырылған емтихан сессиясының қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.
- 7.88. Бакалавриаттың, магистратураның, докторантураның барлық ББ білім алушыларын қорытынды аттестаттау 12 академиялық кредитті құрайды.
- 7.89. Аттестаттаудың ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбемен белгіленеді.
- 7.90. Бакалавриаттың ББ бойынша қорытынды аттестаттау дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру түрінде өткізіледі.
- 7.91. Интернатура бойынша қорытынды аттестаттау екі кезеңде өткізіледі. Бірінші кезеңде интернатураның үлгілік оқу жоспарының барлық пәндері бойынша интеграцияланған тест емтиханы өткізіледі. Екінші кезеңде құрылымдық клиникалық емтихан әдісімен ББ бойынша практикалық дағдыларды аттестаттау ұйымдастырылады.
- 7.92. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың бірінші кезеңін тапсырмаған интернатурада білім алушылар екінші кезеңге жіберілмейді.
- 7.93. Магистратураның ББ бойынша қорытынды аттестаттау магистрлік диссертация (жоба) жазу және қорғау түрінде жүргізіледі.
- 7.94. Докторантура ББ бойынша қорытынды аттестаттау докторлық диссертация (жоба) жазу және қорғау түрінде жүргізіледі.
- 7.95. Бакалавриат үшін қорытынды аттестаттау формасы ББ-да ЖОО дербес анықтайды.
- 7.96. ББ бойынша қорытынды аттестаттау формасын өзгерту туралы шешімді Ғылыми Кеңес қабылдайды.
- 7.97. Қорытынды аттестаттаудың кешенді емтиханының бағдарламаларын кафедра әзірлейді және 30 қазанға дейін факультет ОӘК бекітеді.

- 7.98. Бакалавриат ББ бойынша кешенді емтиханға ББ анықтайтын базалық және бейіндеуші пәндер кіреді.
- 7.99. Қорытынды аттестаттаудың кешенді емтиханының бекітілген бағдарламалары М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың электрондық кітапханасында орналастырылады.
- 7.100. Білім алушыларды магистрлік диссертацияларды (жобаларды), докторлық диссертацияларды жазуға және қорғауға қойылатын талаптар туралы хабардар ету мақсатында кафедралар магистрлік диссертацияларды (жобаларды), докторлық диссертацияларды жазу бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлейді, оларды оқу жылы басталғанға дейін факультеттің ОӘК бекітеді.
- 7.101. Әр білім алушының дипломдық жұмысының (жобасының) ғылыми жетекші университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген тақырыптары көрсетіле отырып, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен бітіру курсына 30 қазанға дейін бекітіледі.
- 7.102. Әр білім алушының магистрлік диссертациясының (жобасының) ғылыми жетекшісі және докторлық диссертациясының ғылыми кеңесшілері университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген тақырыптары көрсетіле отырып, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен оқудың бірінші жылында 30 қазанға дейін бекітіледі.
- 7.103. Қорытынды аттестацияны өткізу үшін факультет декандарының ұсыныстары мен М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми кеңесінің шешімі негізінде 10 қаңтарға дейінгі мерзімде ректордың бұйрығымен қорытынды аттестаттау бойынша аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы бекітіледі.
- 7.104. Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін факультет декандарының ұсыныстары негізінде қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей ректордың бұйрығымен қорытынды аттестаттаудың апелляциялық комиссиясының құрамы бекітіледі.
- 7.105. Қорытынды аттестаттаудың апелляциялық комиссиясының төрағасы Академиялық мәселелер жөніндегі проректор болып табылады.
- 7.106. Қорытынды аттестаттаудың апелляциялық комиссиясының шешімі берілген Академиялық сасаттың 7.65, 7.66 тармақшаларына сәйкес қаралып, ресімделеді.
- 7.107. Дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар (жобалар), докторлық диссертациялар міндетті түрде плагиатқа тексеруден өтеді.
- 7.108. Қорғауға дипломдық жұмыстар (жобалар) үшін кемінде 70% және магистрлік және докторлық диссертациялар (жобалар) үшін кемінде 80% түпнұсқамен орындалған ғылыми жұмыстар жіберіледі.
- 7.109. «Антиплагиат» немесе «Turnitin» жүйесінің лицензиялық нұсқасын пайдалана отырып дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорытынды тексеру нәтижелері білім алушыға қорытынды баға қою кезінде ескеріледі және ғылыми жетекшінің пікіріне қоса беріледі.
- 7.110. Қорытынды аттестаттауға МЖБС ББ және жеке оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған, оқу ақысын төлеу бойынша берешегі жоқ білім алушы жіберіледі.
- 7.111. Жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған, ББ толық көлемде игермеген бітіруші курстың білім алушылары жазғы семестрден өтпей қайта оқу курсына қалдырылады.

- 7.112. Бакалавриаттың білім алушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 5 күннен кешіктірілмей тегі, аты, әкесінің аты, мамандықтары (ББ) көрсетіле отырып, тізімдік құрам түрінде факультет деканының өкімімен ресімделеді және аттестаттау комиссиясына ұсынылады.
- 7.113. Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 10 күннен кешіктірімей ресімделіп, аттестаттау комиссиясына немесе диссертациялық кеңеске ұсынылады.
- 7.114. Аттестаттау комиссиясының құзыретіне білім алушыларды ББ сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің белгіленген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына шығарылатын мамандардың теориялық және практикалық дайындығының сәйкестік деңгейін анықтау; тиісті мамандық бойынша бакалавр, магистр дәрежесін беру; бакалавр, магистр дипломын беру туралы шешім қабылдау; мамандарды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеуіреді.
- 7.115. Қорытынды аттестаттау бойынша комиссияның жұмыс кестесін СТҚКО жасайды, факультет деканы келіседі, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ректоры бекітеді және комиссия жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірімей көпшілік назарына ұсынылады.
- 7.116. Аттестаттау комиссиясы отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс. Бұл ретте кешенді емтихан тапсыруға жіберілетіндердің саны күніне 12-15 адамнан, ал дипломдық жұмысты, магистрлік жұмысты (жобаны) қорғауға жіберілетіндердің саны күніне 7-10 адамнан аспауы тиіс.
- 7.117. Білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау басталғанға дейін бес күннен кешіктірімей аттестаттау комиссиясының хатшысына келесі құжаттарды тапсырады: дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны); «қорғауға рұқсат етіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелді қорытынды берілген дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісінің пікірі; қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе магистрлік диссертацияның (жобаның) жан-жақты сипаттамасы және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы мен «бакалавр» дәрежесін беру мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды берілген дипломдық жұмысқа (жобаға) немесе магистрлік диссертацияға (жобаға) рецензия, плагиат бойынша тексеруден өткені туралы анықтама.
- 7.118. Аттестаттау комиссиясына дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау қарсаңында хатшыға орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның), магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын келесі материалдарды ұсынуға болады: ресми емес пікірлер, дипломдық жұмыстың (жобаның), магистрлік диссертацияның (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жазбаша қорытындылары, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, материалдар, бұйымдар, ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлгілері, минералдар жинағы, гербарийлер, жарияланымдардың көшірмелері.
- 7.119. Білім алушы ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған жағдайда дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғайды.
- 7.120. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамайды.



- 7.121. Білім алушы рецензенттің қорытындысы оң немесе теріс болса да дипломдық жұмысты (жобаны) және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберіледі.
- 7.122. Магистрантты магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберудің міндетті шарты диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференция материалдарында кемінде бір жарияланымның болуы және ғылыми тағылымдамадан өтуі болып табылады.
- 7.123. Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын дипломдық жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдардың сыртқы мамандары ғана жүзеге асырады.
- 7.124. Магистрлік диссертацияларды (жобаны) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын магистерлік диссертация (жоба) бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, философия докторы (Phd), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе магистр дәрежесі бар сыртқы мамандар ғана жүзеге асырады.
- 7.125. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік жұмыстардың (жобалардың), докторлық диссертациялардың рецензенттері жұмыс орны, лауазымы мен білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсетіліп, бітіртуші кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен жалпы тізіммен 30 наурызға дейін бекітіледі.
- 7.126. Дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау комиссия мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігінің қатысуымен аттестаттау комиссиясының ашық отырысында өткізіледі.
- 7.127. Докторлық диссертацияларды қорғау диссертациялық кеңестің отырысында жүзеге асырылады.
- 7.128. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстар шығарушы кафедраның кеңейтілген отырысында алдын ала қорғалуы және плагиат бойынша тексерілуі тиіс.
- 7.129. Докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырыстарының кестесі күнтізбелік жылға жасалады және ол М. Қозыбаев атындағы СҚМУ бұйрығымен бекітіледі. Бір күнде қорғалатын докторлық диссертацияның саны үш-төрттен аспауы керек.
- 7.130. Бір дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау ұзақтығы бір білім алушыға 50 минуттан аспауы тиіс. Дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны қорғау үшін білім алушының комиссия алдында оқитын баяндамасының уақыты 15 минуттан аспауы керек.
- 7.131. Кешенді емтихан және дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша 7.47 тармағына сәйкес білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, сондай-ақ ғылыми жетекшінің және рецензенттің пікірлері назарға алынады.
- 7.132. Кешенді емтиханның, дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғаудың бағасы туралы, сондай-ақ академиялық дәреже беру, диплом (үздік, үздік емес) беру туралы шешімді аттестаттау комиссиясы жабық отырыста отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

- 7.133. Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін олар өткізілген күні жарияланады.
- 7.134. Аттестаттау комиссиясының барлық отырыстары хаттамамен ресімделеді. Аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамалары әрбір білім алушыға жеке жүргізіледі. Хаттаманы дауыс беру құқығы жоқ аттестаттау комиссиясының хатшысы толтырады.
- 7.135. Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес университет мұрағатында сақталады.
- 7.136. Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушы кешенді емтихан тапсырған немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғаған күні апелляция туралы өтініш береді.
- 7.137. Оң бағаны арттыру мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға және дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жол берілмейді.
- 7.138. «Қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға және/немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға рұқсат етілмейді.
- 7.139. Егер дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау қанағаттанарлықсыз деп танылса, аттестациялық комиссия осы жұмысты пысықтап қорғауға қайта ұсыну немесе жаңа тақырыпты әзірлеу мүмкіндігін белгілейді. Аттестаттау комиссиясының осы шешімі отырыс хаттамасына жазылады.
- 7.140. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлға келесі жылға қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей қайта қорытынды аттестаттауға жіберу туралы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына өтініш жазады.
- 7.141. Қайта қорытынды аттестаттауға жіберу М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен ресімделеді.
- 7.142. Қайта қорытынды аттестаттау алдыңғы қанағаттанарлықсыз баға алған қорытынды аттестаттаудың формасында ғана өткізіледі.
- 7.143. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген білім алушылар білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтама беріліп, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен ЖОО-дан шығарылады.
- 7.144. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыларға аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі беріледі және қосымша және дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement) тегін беріледі.
- 7.145. Дипломға қосымша оқу жоспарлары мен бағдарламаларында көзделген көлемде барлық пәндер бойынша алған бағаларына, тапсырылған курстық жұмыстарға (жобаларға), практикалардың түрлеріне және қорытынды аттестаттау нәтижелеріне сәйкес білім алушының жеке оқу жоспарын орындағаны туралы анықтама негізінде толтырылады.
- 7.146. Дипломға қосымшада әрбір оқу пәні бойынша білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша көлемі кредитпен және академиялық сағаттармен көрсетілген соңғы бағалары жазылады.

- 7.147. Емтихандарды А, А- «өте жақсы», В-, В, В+ «жақсы» бағаларымен тапсырған және оқудың барлық кезеңінде үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5 - тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) А, А – «өте жақсы» бағаларымен қорғаған, кәсіби тәжірибе бойынша есепті қорғаған, ҒЗЖ/ЭЗЖ орындаған білім алушыға үздік диплом (әскери дайындық бойынша бағаны есепке алмағанда) беріледі.
- 7.148. Оқу кезеңінде емтиханды қайта тапсырған немесе екінші рет тапсырған білім алушы үздік диплом алмайды.
- 7.149. Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы есеп жазып, талқылау және бекіту мақсатында М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Ғылыми кеңесінің отырысына ұсынады.
- 7.150. Бакалавриат және магистратураның білім беру бағдарламаларын бітірген бітірушілердің тізімі, олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламалары мен берілген дипломдардың нөмірлері көрсетіліп, СТҚКО-да дайындалады. Университет ректоры қол қойып, бітіргені туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзімде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ университет сайтында орналастырылады.
- 7.151. Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертацияны қорғаған адамдарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің оң шешімі болған жағдайда жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және қоса берілген мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.
- 7.152. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, бірақ ғылыми компонентті орындамаған докторантқа ғылыми компоненттердің академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.
- 7.153. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, ғылыми компонентті орындаған, бірақ докторлық диссертацияны (жобаны) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріледі және келесі жылдары 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде диссертацияны қорғау мүмкіндігі беріледі.
- 7.154. Төтенше жағдай және/немесе карантин режимі кезінде ҚОТ қолдана отырып білім беру процесін ұйымдастыру шеңберінде ағымдағы, аралық бақылау мен аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру ерекшеліктері М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыру ережелерімен анықталады.
- 7.155. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде 7.60, 7.61, 7.84, 7.112, 7.113, 7.117-тармақтардың қолданылуы тоқтатыла тұрады.
- 8. Ауыстыру, оқуға қайтадан қабылдау, оқудан шығару және академиялық демалыс беру саясаты**
- 8.1. Білім алушы ауысу, оқуға қайтадан қабылдану, оқудан шығу және академиялық демалыс алу құқығына ие.
- 8.2. Білім алушыларды ауыстыру бір ББ-дан басқасына, бір оқу формасынан басқасына, бір жоғарғы оқу орнынан басқасына, бір оқу тілінен басқасына, ақылы оқудан білім грантына және керісінше, курстан курсқа ауыстыру түрінде жүзеге асырылады.

- 8.3. Ауыстыру процедурасы каникул уақытында ғана жүзеге асырылады.
- 8.4. Ауыстыру СТҚКО-ға берілген, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына жазылған өтініштің негізінде жүзеге асады.
- 8.5. Білім алушы басқа ЖОО-ға ауысқан кезде СТҚКО-ға М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына ресімделген кету қағазы менауысу жоспарланған ЖОО-ның жазбаша келісімі қоса берілген ауысу туралы өтініш береді. Өтініш кезекті академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін бес күннен кешіктірілмей берілуі керек.
- 8.6. Басқа жоғарғы оқу орнына ауысқан білім алушы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға ауысу жөніндегі өтінішін СТҚКО-ға академиялық кезең басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей беруі керек.
- 8.7. Білім алушы ақылы оқудан конкурстық негізде білім беру грантына ауысу жөніндегі өтінішін жазғы каникул уақытында 30 шілдеге дейін, қысқы каникул уақытында 10 қаңтарға дейін СТҚКО-ға береді.
- 8.8. Білім алушы бір ББ-дан басқасына, бір оқу формасынан басқасына, бір жоғарғы оқу орнынан басқасына, бір оқу тілінен басқасына ауысқанда кезекті академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей СТҚКО-ға ауыстыру туралы өтініш береді.
- 8.9. Білім алушының кеш берілген ауыстыру туралы өтінішін СТҚКО қабылдамайды және қарастырмайды.
- 8.10. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» жобасы аясында («Серпін-2050»), сондай-ақ педагогикалық мамандықтарға квота бойынша түскен білім алушылар басқа оқу орнына тек ақылы түрде ауыстырылады.
- 8.11. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушы басқа оқу орнынан ауысқан кезде білім саласын, дайындық бағытын және білім бағдарламасының бейінін, сондай-ақ білім алушының және оқу жетістіктерін ескереді.
- 8.12. Білім алушы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға бірінші академиялық кезеңді толық аяқтаған, яғни транскриптіге сәйкес кем дегенде 30 академиялық кредит немесе 900 академиялық сағатты игерген кезде ауыса алады.
- 8.13. Басқа ЖОО-дан М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға ауысқысы келетін білім алушы транскриптіде немесе академиялық анықтамада 10 кредиттен артық қарызы бар немесе саны 3-тен артық F, FX бағасы болса, университетке қабылданбайды.
- 8.14. Басқа оқу орнынан ауысқан кезде білім алушының 5 кредиттен артық академиялық қарызы немесе академиялық айырмашылығы болса, бітіру курсына қабылданбайды.
- 8.15. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтарынан басқа білім беру бағдарламаларының топтарына ауыстыру белгіленген шекті ұпайдан төмен емес ұпайы бар ҰБТ сертификаты болған кезде ғана жүзеге асырылады.
- 8.16. Ақылы оқудан білім беру грантына ауыстыру ҚР БжҒМ нормативтік талаптарына сай бос орындар болған кезде конкурстық негізде жүзеге асырылады.
- 8.17. Курстан курсқа ауыстыру ректордың бұйрығымен жүзеге асады. Ректордың бұйрықтары факультет декандарының ұсыныстарының негізінде жасалады. Бірінші бұйрық шілде айында жазғы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша шығарылады. Екінші бұйрық жазғы семестрдің қорытындысы бойынша 25 тамызға дейін шығарылады.

- 8.18. Білім беру саласындағы 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) ББ қоспағанда, барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыны курстан курсқа (бітіру курсынан басқа) ауыстыруға жеке оқу жоспарының орындалуы және оқу ақысын төлеу бойынша қарыздарының болмауы негіз болып табылады. 10 академиялық кредиттен артық академиялық қарызы бар білім алушы курстан курсқа ауыстырылмайды.
- 8.19. Білім алушыны білім беру саласының 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) ББ бойынша курстан курсқа ауыстыруға жеке оқу жоспарын орындауы, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да белгіленген межеден төмен емес үлгерімнің орташа балын (GPA) жинауы және оқу ақысын төлеу бойынша қарыздарының болмауы негіз болып табылады. 10 академиялық кредиттен артық академиялық қарызы бар немесе ЖОО-да белгіленген межеден төмен үлгерімнің орташа балын (GPA) жинаған білім алушы курстан курсқа ауыстырылмайды.
- 8.20. 5 кредиттен артық академиялық қарызы бар білім алушы бітіру курсына ауыстырылмайды.
- 8.21. Оқу ақысын төлеу бойынша қарызы бар ақылы түрде оқитын білім алушы курстан курсқа ауыстырылмайды.
- 8.22. Келесі курсқа ауыстырылмаған білім алушы қайта оқу курсына қалады немесе академиялық үлгермегені үшін оқудан шығарылады.
- 8.23. Курста қайта оқуды ресімдеу үшін білім алушы 25 тамызға дейін СТҚКО-ға ректордың атына өтініш береді. Білім алушының өтініші негізінде курста қайта оқу туралы ректордың бұйрығы шығарылады.
- 8.24. Қайта оқуға өтініш бермеген білім алушы академиялық үлгерімінің төмендігі үшін факультет деканының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен 26 тамызға дейін оқудан шығарылады.
- 8.25. Академиялық үлгерімі төмендігі үшін оқудан шығарылған білім алушы Академиялық адалдық лигасының шешіміне сәйкес М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға және Академиялық адалдық лигасының мүшесі болып табылатын ЖОО-ға оқуға қайта қабылданбайды.
- 8.26. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да 6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) ББ бойынша курстан курсқа ауысу үшін білім алушылар үлгерімінің орташа ұпайы төмендегідей анықталған:
- 2 курсқа – кемінде 2,5;
  - 3 курсқа – кемінде 2,7;
  - курсқа – кемінде 2,9;
  - курсқа – кемінде 3,0.
- 8.27. Мемлекеттік грант иегері болып табылатын қайта курсқа қалдырылған білім алушы білім беру грантынан айырылады және оқуын ақылы түрде жалғастырады.
- 8.28. Академиялық үлгермеушілік үшін оқудан шығарылған және бірінші академиялық кезеңді аяқтамаған, яғни 30 академиялық кредитті игермеген тұлғалардан басқа білім алушы бір жоғары оқу орнынан басқасына, бір оқу формасынан басқасына, бір ББ-дан басқасына, бір оқу тілінен басқасына жұмыс оқу жоспарындағы академиялық айырмашылықты тапсыру арқылы оқу қайта қабылдана алады.
- 8.29. Білім алушы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дан шығарылған мерзіміне қарамай оқуға қайта кіре алады.

- 8.30. Бір оқу жылынан астам уақыт бұрын қорытынды аттестаттауға келмегендіктен немесе қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» (F, Fx) баға алғандықтан оқудан шығарылаған білім алушы бітіру курсына оқуға қайта қабылдану кезінде қолданыста болған ББ типтік оқу жоспары бойынша қайта қабылданады. Академиялық айырмашылығы 18 академиялық кредиттен артық болмаған жағдайда білім алушы айырмашылықтың соңғы академиялық кезеңіне (семестріне) қайта қабылданады. Академиялық айырмашылығы 18 академиялық кредиттен артық болған жағдайда білім алушы соңғы оқу курсына қайта қабылданады. Академиялық айырмашылығы болмаған жағдайда білім алушы қорытынды аттестаттауға қайта қабылданады.
- 8.31. Оқуға қайта кіру процедурасы демалыс уақытында ғана жүзеге асырылады.
- 8.32. Оқуға қайта қабылдау білім алушының М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына берген өтініші негізінде жүргізіледі. Ол СТҚКО-ға беріледі.
- 8.33. Оқуға қайта қабылданғанда білім алушы кезекті академиялық кезең басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей СТҚКО-ға қайта қабылдау туралы өтініш береді.
- 8.34. Білім алушылардың мерзімінен кеш берген қалпына келтіру туралы өтініштерін СТҚКО қабылдамайды және қарастырмайды.
- 8.35. Оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде білім алушы төлем бойынша қарызды өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде қайта қабылданады. Қайта қабылдау білім алушының М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына берген өтініші негізінде жүргізіледі. Ол СТҚКО-ға беріледі. Білім алушылардың оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта өткеннен кейін берген қалпына келтіру туралы өтініштерін СТҚКО қабылдамайды және қарастырмайды.
- 8.36. Білім алушы университеттен келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін: өз қалауы бойынша; басқа жоғары оқу орнына ауысуына байланысты; Ішкі тәртіп ережелерін және М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Жарғысын бұзғаны үшін; негізгі білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың талаптарын орындамағаны үшін; дәлелді себепсіз академиялық демалыс біткеннен кейін 15 күн ішінде шықпағаны үшін; академиялық үлгермегені үшін; қорытынды аттестаттауға келмегені үшін немесе қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» (F, FX) бағасын алғаны үшін; бір академиялық кезеңде дәлелді себептерсіз 40 және одан да көп академиялық сағат көлеміндегі сабақты босатулары үшін; бірінші академиялық кезең ішінде нострификациялау немесе шетелдік дипломды тану рәсімінен өтпеген үшін; СҚМУ-дың студенттік жатақханаларында тұру ережелерін бұзғаны үшін; М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін; қайтыс болуға байланысты; оқу сабақтарына уақытында бармағаны үшін; құжаттың түпнұсқалығын анықтау жөніндегі сараптама туралы қаулының негізінде алдыңғы білімі туралы жалған құжаттар ұсынғаны үшін. **Университетке ақылы негізде бірінші академиялық кезең аяқталғанға дейін қабылданған білім алушылар, егер бірінші академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін ҰБТ-ның шекті балын жинамаса немесе осы ҰБТ-ға келмесе, университеттен шығарылады.**
- 8.37. Білім алушы өз қалауы бойынша ректордың атына СТҚКО-ға берілген жеке өтініші негізінде оқудан шығарылуы мүмкін.
- 8.38. Ақылы негізде білім алушы өз еркі бойынша оқудан шығару туралы СТҚКО-ға өтініш берген күнге дейінгі кезеңге білім беру қызметі үшін толық ақы төлеуі тиіс.
- 8.39. Білім алушыны басқа жоғары оқу орнына ауысуына байланысты оқудан шығару білім алушының жеке өтініші және білім алушы ауысып жатқан ЖОО-ның жазбаша

келісімі негізінде М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен басқа ЖОО-ға ауысу туралы өтініш жазылған күннен бастап жүргізіледі.

- 8.40. Білім алушына негізгі білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың талаптарын орындамағаны, дәлелді себепсіз академиялық демалыс біткеннен кейін 15 күн ішінде шықпағаны, академиялық үлгермегені, қорытынды аттестаттауға келмегені немесе қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» (F, FX) бағасын алғаны, бір академиялық кезеңде дәлелді себептерсіз 40 және одан да көп академиялық сағат көлеміндегі сабақты босатқаны, қайтыс болуға байланысты, құжаттың түпнұсқалығын анықтау жөніндегі сараптама туралы қаулының негізінде алдыңғы білімі туралы жалған құжаттар ұсынғаны үшін, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығару М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының бұйрығымен факультет деканының ұсынысы негізінде жүргізіледі.
- 8.41. Факультет деканы ректордың атына білім алушыны оқудан шығаруға келесі мерзімде ұсыныс дайындайды: негізгі білім беру қызметін көрсету шартының талаптарын орындамағаны үшін емтихан сессиясы аяқталған сәттен бастап 5 күн ішінде; білім алушы академиялық демалыстан дәлелді себепсіз шықпаған жағдайда - академиялық демалыс аяқталған сәттен бастап 16 күн ішінде; бір академиялық кезеңде аудиториялық оқу сабақтарының 40 және одан да көп академиялық сағаттарын себепсіз босатқаны үшін - осы фактіні анықтаған сәттен бастап 3 күн ішінде; қорытынды аттестаттауға келмегені немесе қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» (F, Fx) бағасын алғаны үшін - қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның жұмысы аяқталған сәттен бастап 5 күн ішінде; академиялық үлгермегені үшін - емтихандық сессия аяқталғаннан кейін 5 күн ішінде; қайтыс болуына байланысты - туысқандары білім алушының қайтыс болғаны туралы куәлікті ұсынған сәттен бастап 2 күн ішінде; құжаттардың түпнұсқалығын анықтау жөніндегі сараптама туралы қаулы негізінде алдыңғы білімі туралы жалған құжаттарды ұсынғаны үшін – уәкілетті орган қаулы берген сәттен бастап 2 күн ішінде; М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін - Академиялық адалдық ережелерін бұзу анықталған сәттен бастап 10 күн ішінде.
- 8.42. Факультет деканы білім алушының қайтыс болғаны туралы куәландыратын мән-жайлар ашылған сәттен бастап 1 күн ішінде ректордың атына өтемақы төлемдерін немесе оқу ақысын төлеуді тоқтату туралы қызметтік хат береді.
- 8.43. Факультет деканы немесе бөлімше жетекшісі ректордың атына білім алушыны оқудан шығаруға келесі мерзімде ұсыныс дайындайды: Ішкі тәртіп ережелері мен М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Жарғысын бұзғаны үшін – жағдай анықталған күннен бастап 3 күн ішінде; М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың студенттік жатақханаларында тұру ережелерін бұзғаны үшін – жағдай анықталған күннен бастап 3 күн ішінде.
- 8.44. ЖОО-дан шығарылған білім алушыға ректор қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт жазылады. Транскриптке «қанағаттанарлықсыз» баламасына сәйкес келетін FX және F бағаларын қоса алғанда, қорытынды бақылау (емтихан) бойынша алған барлық бағаларын көрсете отырып, білім алушы оқыған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдері міндетті түрде жазылады.
- 8.45. Академиялық демалыс білім алушыға келесі негізде беріледі: ауырған жағдайда амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың дәрігерлік пунктінде расталған қорытындысы негізінде 6 айдан 12 айға дейін; туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйым жанындағы Орталық дәрігерлік-

консультациялық комиссияның (ОДКК) шешімі негізінде 36 айдан аспайтын мерзімге; әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде; бала туғанда немесе асырап алған жағдайда бала үш жасқа толғанға дейін.

8.46. Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына өтініш жазып, осы Ережелердің 8.45 тармағында көзделген құжаттарды СТҚКО-ға ұсынады.

8.47. Берілген құжаттардың негізінде студенттік бөлім бір жұмыс күнінің ішінде білім алушыға басталу және аяқталу мерзімі көрсетілген академиялық демалыс беру жөнінде бұйрық шығарады.

**8.48. Алып тасталды.**

8.49. Ауруына байланысты академиялық демалыста болған білім алушы академиялық демалыстан шығу үшін ректордың атына өтініш береді және науқасты қадағалаған Денсаулық сақтау ұйымынан дәрігерлік-консультациялық комиссияның осы ББ бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар (СҚМУ-дың дәрігерлік пунктінде расталған) анықтамасын ұсынады. Әскери қызметке шақырылуына байланысты академиялық демалыста болған білім алушы ҚР Қарулы Күштерінде қызмет өткеру мерзімі аяқталғаннан кейін оқуды жалғастыру туралы өтініш және әскери билеттің көшірмесін береді; жүктілігі және босануы бойынша, 3 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыс аяқталған соң, білім алушы академиялық демалыстан шығу туралы өтініш береді, оған баланың туу туралы куәлігін қоса береді.

8.50. Студенттік бөлім 8.49 тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттар негізінде үш жұмыс күні ішінде білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарады.

**8.51. Алып тасталды.**

8.52. Академиялық демалыстан оралған кезде білім алушы осы демалысты ресімдеген курстан (академиялық кезеңнен) немесе төмен курспен оқуын жалғастырады.

## **9. Академиялық ұтқырлық саясаты**

9.1. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ шетелде оқу және шетелде тәжірибе ұйымдастыру, шетелдік оқытушыларды дәріс оқуға тарту және шетелдік жетекші топ-менеджерлерді басқару қызметіне тарту арқылы білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлердің академиялық ұтқырлығының дамуын ынталандырады.

9.2. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету мен жүзеге асырудың мақсаттары, міндеттері және жалпы ережелері Болон декларациясының негізгі қағидаларына сәйкес келеді.

9.3. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушылары, ПОҚ және қызметкерлері (ғалымдар, әкімшілік-басқару персоналы, оқу-көмекші персонал) қатыса алады.

9.4. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушылары, ПОҚ және қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығы ЖОО қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қолжетімділігін, сапасы мен тиімділігін арттыруға, университеттің профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, еңбек нарығында университет түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, білім алушылар мен ПОҚ-тың ғылыми зерттеулерінің



тиімділігін арттыруға, университеттің халықаралық білім кеңістігіне кірігуіне, Қазақстан мен шет елдердің жетекші университеттерімен тығыз әріптестік орнататуға көмектеседі.

- 9.5. Академиялық ұтқырлықтың нақты формалары мен түрлерін жүзеге асыру серіктес университеттермен жеке келісімдермен, әрекеттер жоспарларымен, ынтымақтастық туралы келісімдермен және оларға қосымшалармен реттеледі.
- 9.6. М. Қозыбаев атындағы СКМУ-да академиялық ұтқырлық бағдарламаларын үйлестіруді АҰИД жүзеге асырады.
- 9.7. Білім алушылар өз қалауымен басқа ЖОО (өз елінде немесе шетелде) таңдап, оқитын пәндерді анықтап, АҰИД-ға өтінім бере алады.
- 9.8. Білім алушылардың өтінімдері негізінде АҰИД басқа серіктес ЖОО-мен ынтымақтастық туралы шарт жасауды ұйымдастырады.
- 9.9. Серіктес ЖОО және оның білім беру бағдарламалары өз елінде аккредитациялануы және аккредиттелген білім беру ұйымдарымен аккредиттелген білім беру бағдарламаларының Реестріне енгізілуі тиіс.
- 9.10. Ішкі академиялық ұтқырлық Тараз декларациясына қол қойған ЖОО-лар арасында қамтамасыз етіледі.
- 9.11. Академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға конкурстан өткен үміткерлерді жіберу мерзімдері әрбір жағдайда оқу елінде академиялық кезеңнің басталуына сәйкес жеке айқындалады.
- 9.12. Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелдік жоғары оқу орындарында оқу келесілердің есебінен жүзеге асырылады: республикалық бюджет қаражаты; университеттің ақылы қызметтерден түскен кірістері; жұмыс берушілердің, әлеуметтік, академиялық және ғылыми әріптестердің гранттары; халықаралық және отандық қорлар мен стипендиялар; білім алушылардың жеке қаражаты.
- 9.13. Академиялық ұтқырлық шеңберінде республикалық бюджет есебінен білім алушыларды шетелге жіберуді ҚР БҒМ жүзеге асырады.
- 9.14. Республикалық бюджет есебінен шетелде оқу конкурсына қатысуға үміткерлер конкурсқа қатысу құжаттарын электрондық Үкімет порталы және (немесе) ЖОО кеңсесі арқылы конкурс жарияланған күннен бастап 60 күн ішінде береді. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі: ҚР азаматы паспортының көшірмесі; білім туралы құжаттар (бакалавриат бағдарламасы бойынша ағымдағы үлгерімі туралы транскрипт, магистратура бағдарламасы бойынша – бакалавр/маман дипломы қосымшасымен және ағымдағы үлгерімі туралы транскриптпен, докторантура бағдарламасы бойынша – магистр дипломы қосымшасымен және ғылыми диссертацияның өзектілігі және оқуға жіберу қажеттілігі туралы кафедра отырысының хаттамасынан үзінді); шет тілін меңгеру деңгейін растайтын құжат (мысалы, шет тілін білуді бағалаудың халықаралық жүйесі арқылы алынған сертификат немесе шетелдік ЖОО-ның білім алушыны меңгерілген шет тілі деңгейімен қабылдауға келісімі туралы хаты немесе СКМУ-дың тестілеу нәтижесі (B2 деңгейінен төмен емес); ҚР-дан шығу кезінде 18 жасқа толмаған жағдайда, үміткердің ата-анасының, қамқоршыларының, заңды өкілдерінің шетелге шығуға жазбаша келісімі; білім алушының көп балалы екенін растау үшін отбасы құрамы туралы құжат; білім алушының ата-анасының жоқтығын растайтын құжат (жетімдерге немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға жататын білім алушылар санаты үшін); білім алушының мүгедектігін растайтын құжат.
- 9.15. ҚР БҒМ комиссиясының шешімі негізінде академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелге оқуға жіберу туралы бұйрық шығарылады, ол 10 жұмыс күні ішінде университетке жіберіледі.

- 9.16. АҰИД іріктелген үміткерлерді ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді, шетелдік ЖОО-ның ресми шақыруын алуға жәрдемдеседі, шетелде оқуға жіберу туралы бұйрық дайындайды, білім алушыларды жөнелтуді жүзеге асырады, олардың үлгерімі мен шетелде болуына мониторинг жүргізеді, алынған оқу кредиттеріне талдау жүргізеді және білім алушының оқу жоспарында оларды есепке алады, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының сәйкестігіне жауапты болады.
- 9.17. Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушыларды республикалық бюджеттен басқа 9.12 тармағында белгіленген қаражат есебінен шетелге жіберуді университет өз бетінше жүзеге асырады.
- 9.18. Білім алушылар АҰИД-ға бару мақсаты, межелі орны, мерзімі, курсы және оқу тілі, мамандығы, болжамды қаржыландыру көздері көрсетілген өтініш-негіздеме ұсынады.
- 9.19. Өтініш-негіздемеге жетекші кафедраның жазбаша ұсынысы, оқуға қабылдау туралы серіктес ЖОО-ның жазбаша растауы, жеке оқу жоспары және транскрипт қоса беріледі.
- 9.20. АҰИД білім алушылар арасында конкурс өткізу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады.
- 9.21. Конкурстық іріктеудің негізгі критерилері: өзінің жоғары оқу орнында бір академиялық кезеңді аяқтау, оқу жетістігі «А», «А-», «В», «В+», «В-» деңгейінде болуы, шет тілдерін еркін меңгеру (мүмкіндігінше шет тілінен тест тапсырғандығын растайтын сертификаттың болуы).
- 9.22. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ конкурстан өткен білім алушылармен жіберуші ЖОО, қабылдаушы ЖОО және білім алушы арасында үш жақты келісім жасайды.
- 9.23. Ұлттық компаниялар, әлеуметтік серіктестердің қаражаты есебінен оқуға жіберілген жағдайда, төрт жақты келісім жасалады.
- 9.24. Келісімде білім алушының жеке деректері (аты-жөні, елі, жіберуші ЖОО), оқу туралы мәліметтер (қабылдаушы ЖОО, ел), жеке оқу жоспары (қабылдаушы ЖОО-да оқу үшін таңдалған пәндер тізімі пәннің коды, қабылдаушы ЖОО-ның кредиттер саны көрсетіліп (кредиттік жүйе болған жағдайда), ECTS кредиттерінің саны, оқу немесе өндірістік тәжірибеден өту уақыты, оқу семестрінің уақыты) көрсетіледі.
- 9.25. Серіктес ЖОО-ның ресми шақыруы негізінде білім алушылар жеке оқу жоспарын жасайды және ол кафедра меңгерушісімен келісіледі.
- 9.26. Қабылдаушы ЖОО-да білім алушы оқу орнының ережелеріне сәйкес оқуға қабылдаудың әкімшілік процедураларынан өтеді.
- 9.27. Қабылдаушы ЖОО-да болу мерзімі аяқталған соң, білім алушылар М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға транскрипт және аванстық есеп (республикалық бюджет қаражаты немесе ЖОО қаражаты есебінен оқыған жағдайда) береді.
- 9.28. Транскрипт негізінде білім алушыға ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеудің қазақстандық жүйесіне сәйкес кредиттерді міндетті түрде қайта есептеу жүзеге асырылады.
- 9.29. ЖОО бойынша ECTS үйлестіруші АҰИД директоры болып табылады.

## **10. Интернационалдандыру саясаты**

- 10.1. Интернационализация – бұл оқыту және зерттеу сапасын арттыру және талап етілетін құзыреттілікке қол жеткізу мақсатында университеттің зерттеу, білім беру және әкімшілік қызметіне халықаралық құрамды енгізу процесі.

- 10.2. Білім беруді интернационалдандыру білім сапасын арттыруға бағытталған және университеттің жаһандық білім беру кеңістігіне кірігуінің маңызды құралы болып табылады.
- 10.3. Университет университеттің стратегиялық жоспарына интернационалдандыру саясатын біріктіруді қамтамасыз етеді.
- 10.4. Білім беруді интернационалдандыруға университет халықаралық ынтымақтастықтың келесі түрлерін жатқызады:
- білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы;
  - университет менеджментіне шетелдік мамандарды тарту;
  - ағылшын тілінде бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
  - шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
  - халықаралық конференцияларға, семинарларға, бағдарламаларға, жобалар мен көрмелерге қатысу;
  - шетелдік жоғары оқу орындарымен және ұйымдармен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу;
  - білім алушылар мен оқытушылардың тілдік дайындығын қамтамасыз ету;
  - пәндер мазмұнында халықаралық контентті қалыптастыру;
  - білім беру бағдарламалары үшін халықаралық аккредиттеуді алу;
  - рекрутинг және шетелдік студенттерді оқыту, шетелдік студенттерді стипендиялық бағдарламаларға тарту.
- 10.5. Университет басшылығы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізуге бастамашылық жасайды.
- 10.6. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім беруді интернационалдандыру және мәдениетаралық байланыстарды дамыту мақсатында шетелдік ұйымдар мен білім беру мекемелерімен байланысты орнатады және белсенді дамытады.
- 10.7. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын дамытуды ынталандырады, соның ішінде оқуды, шетелдік тәжірибе мен шетелде тағылымдамаларды ұйымдастыруға, шетелдік оқытушыларды дәрістер оқуға және шетелдік топ-менеджерлерді басқару қызметіне тартуға назар аударылады. Университет ECTS бағасының белгіленген эквивалентіне және Ұлттық бағалау шкаласына сәйкес кредиттерді қайта есептеуді қамтамасыз етеді. Академиялық ұтқырлық бойынша серіктес ЖОО өз елінде аккредитацияланып, аккредиттелген білім беру ұйымдарының Реестріне енгізілуі тиіс. Академиялық ұтқырлықты дамыту үшін АҰИД жұмыс істейді.
- 10.8. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын және шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыра отырып, білім беру қызметтерінің спектрін кеңейтеді.
- 10.9. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім беру сапасын арттыру және интернационалдандыру мақсатында оқытушылар мен білім алушылардың халықаралық конференцияларға, семинарларға, бағдарламалар мен жобаларға қатысуына ықпал етеді.
- 10.10. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ шетелдік ұйымдармен және ғалымдармен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық ғылыми жобаларды іске асыруға, бірлескен жарияланымдар дайындауға, қолданбалы ғылыми зерттеулерді ағылшын тіліне кезең-кезеңмен көшіруге ЖОО ғалымдарының қатысуы үшін жағдайлар мен

ғылыми инфрақұрылым жасайды. Университеттің ғылыми қызметінде халықаралық құрамдас бөлікті кеңейтуге Ғылым департаменті ықпал етеді.

- 10.11. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ оқыту әдістемесін үнемі жетілдіру, ағылшын тілінің көп деңгейлі тегін курстарын ұйымдастыру, ағылшын тіліндегі пәндерді кеңейту, үш тілді білім берумен қамтылған мамандықтарды арттыру, көшпелі ұтқырлықты дамыту, үш тілде тәрбиелік іс-шараларды өткізу арқылы шетел тілдерін меңгеруге ұмтылуда қызметкерлер мен білім алушыларды қолдайды. Оқытудың жүйелілігі АҰИД, АҚД және үштілді білім беруді жүзеге асыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу арқылы қамтамасыз етіледі.
- 10.12. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының санын арттыруға ұмтылады және шетел тәжірибесін, қазіргі ақпараттық ресурстарды ескере отырып, пәндердің мазмұнын үнемі жаңартуды, шетелдік білім беру бағдарламаларымен үйлестіруді қамтамасыз етеді.
- 10.13. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ техникалық білім беру бағдарламалары үшін халықаралық аккредитация алуға ұмтылады.
- 10.14. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақ диаспорасының өкілдерін және шетел азаматтарын оқуға шақырады, оларға тең құқықтар мен мүмкіндіктерге кепілдік береді, оқу мен тұруға қолайлы жағдай жасайды. Шетелдік студенттер үшін «Foundation» факультетінің базасында дайындық курстары жұмыс істейді, әлеуметтік-психологиялық бейімдеу және академиялық қолдау бойынша бағдарлама жұмыс істейді.
- 10.15. Солтүстік Қазақстан облысының Қазақстанның жетекші экономикалық серіктестерінің бірі Ресей Федерациясымен шекаралас орналасуын ескере отырып, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Қазақстан мен Ресейдің ғылым және білім саласындағы іскерлік байланыстарын дамытуға, ғылыми және оқу мекемелерінің байланыстарын орнатуға және өзара іс-қимылына, басшы қызметкерлердің тағылымдамаларын өткізуге, ғылыми және педагогикалық кадрлардың делегацияларымен алмасуға, бірлескен ғылыми және білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуге, семинарлар мен конференциялар өткізуге белсенді ықпал етеді.
- 10.16. Университеттің кадрлық саясаты әлемдік білім беру кеңістігіне табысты кірігу үшін қажетті лингвистикалық және басқа да құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған.
- 10.17. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ сайттың үш тілде жұмыс істеуі арқылы интернационалдандыру процесін ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді.
- 10.18. Интернационалдандыру саясатын жүзеге асыру М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың халықаралық беделін нығайтуға ықпал етеді.

## **11. Түлектерді кәсіби бағдарлау, жұмысқа орналастыру және олардың мансаптық өсу саясаты**

- 11.1. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ қызметінің басым бағыттары білім алушылардың кәсіби бағдары, студенттер мен түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, түлектермен байланысты қолдау және олардың мансаптық өсуін қадағалау болып табылады.
- 11.2. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да кәсіби бағдарлау білім алушылардың еңбек нарығының дамуын бағалау негізінде жеке кәсіби даму жолын ұзақ мерзімді жоспарлауды, өзінің кәсіби мүдделері мен бейімділігін, нақты кәсіби салада кәсіби мансап құрудың болашағы мен шарттарын болжайтын кәсіби жақтан өзін-өзі анықтау процесі болып табылады.

- 11.3. Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың жүйелі түрде болуы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың ерекшелігі болып табылады. Оның шеңберінде болашақ жоғары білікті маманға ықпал ету мақсатты және жүйелі түрде, мектеп (лицейлер, гимназиялар) оқушыларына, колледж студенттеріне кәсіптік бағдар беру жұмыстарынан бастап, болашақ талапкерлерді кәсіби жағынан анықтау кезеңінде және одан әрі түгелдей оқу кезеңінде жүзеге асырылады.
- 11.4. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйесінің мақсаты еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіби қызметке дайын, бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру болып табылады.
- 11.5. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде бастапқы кәсіптік бағдарды, қайталама кәсіптік бағдарды және қайта бағдарлауды (кәсіптік қайта даярлауды) жүзеге асырады. Бастапқы кәсіптік бағдар алғашқы рет мамандық таңдайтын адамдарға бағытталып, қабілетіне, бейімділігіне және еңбек нарығының қажеттіліктеріне қарай жеке тұлғаның кәсіпті таңдауына ықпал ететін шаралар жүйесін құрайды.
- 11.6. Екінші кәсіптік бағдарлау - кәсіптік қызметте бағдарлау, мамандықпен бастапқы танысу, кәсіптік сана-сезімді қалыптастыру, білім алушылардың кәсіптік қызметке бейімделуі бойынша шаралар жүйесі.
- 11.7. Қайта бағдарлау (кәсіптік қайта даярлау) жаңа мамандықты таңдау және меңгеру процесін, қызмет түрін ауыстыруға уәждемені, қолда бар тәжірибе, дағды, білім негізінде жаңа мүмкіндіктерді ашуды білдіреді; адамның жеке бейімділігін, уәждерін, қабілеттерін, дағдылары мен іскерліктерін ескере отырып, кәсіпті ауыстыруға, мамандандыруға көмек көрсетуге және жәрдемдесуге бағытталған.
- 11.8. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ қызметінің мектеп және лицей оқушыларын, колледж студенттерін бастапқы кәсіптік бағдарлау бойынша бастапқы буыны Foundation факультеті болып табылады.
- 11.9. Foundation факультетінің кәсіби бағдар беру жұмысы саласындағы қызметінің негізгі бағыттары: мектеп (лицей, гимназия) және колледж түлектерінің кәсіби бағдарлы білімдерінің көлемі мен сапасын арттыру, ҰБТ тапсыруға дайындық; факультет және университеттің қабылдау комиссиясы қызметінің сабақтастығын қамтамасыз ету; жоғары оқу орнына дейінгі дайындықты оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету (оқытушылар мен талапкерлерге арналған ақпараттық материалдар, оқу-әдістемелік әдебиеттер шығару; шетелдік қазақ диаспорасының өкілдері арасынан талапкерлерді ҚР жоғары оқу орындарында қазақ және орыс тілдерінде одан әрі оқуға дайындау.
- 11.10. Мектеп, лицей, гимназия оқушыларының, колледж студенттерінің алғашқы кәсіби бағдарындағы келесі буын М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың қабылдау комиссиясы болып табылады.
- 11.11. Қабылдау комиссиясы қызметінің негізгі мақсаты М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ББ бойынша білім алушыларды қабылдау болып табылады.
- 11.12. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың қабылдау комиссиясының міндеттері: университетке қабылдау шарттары туралы азаматтарды ақпараттандыруды ұйымдастыру; Петропавл қаласы, СҚО, ҚР және шет елдердің білім беру ұйымдарында университеттің құрылымдық бөлімшелерінің кәсіби бағдар беру жұмыстарын үйлестіру және ұйымдастыру; оқуға түсушілердің қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру бағдарламасын таңдауда консультациялық көмек көрсету; университетте жүзеге асырылатын ақпарат пен негізгі білім беру

бағдарламаларының жан-жақты және ашық болуын қамтамасыз ету; М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға түсушілердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру; түсу сынақтарының нәтижелері негізінде қабылдау емтихандарын, конкурсты және қабылдауды ұйымдастыру; қабылдау жүргізудің барлық кезеңдерінде жұмыстың жариялылығы мен ашықтығы.

- 11.13. Болашақ мамандардың дербес еңбек қызметіне дайындығы, олардың кәсіби бағыты мен еңбекке уәждемесі білім алушыларды оқу, оқудан тыс уақытта, кәсіптік практикада дербес жұмыс істеу кезінде кәсіптік-практикалық даярлау үдерісінде қалыптасады.
- 11.14. Түлектер шығарушы кафедра мен факультет білім алушылардың екінші кәсіби бағдарындағы маңызды буын болып табылады.
- 11.15. Шығарушы кафедралардың М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларымен кәсіптік бағдарлау жұмысының мақсаты: кәсіптік білімді танымал ету және тарату арқылы білім алушылардың саналы кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау; теориялық оқыту және кәсіптік практика кезінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру; білім алушылардың өздерінің өмірлік және кәсіби жоспарларын, болашақ кәсіптің идеалдарын және ондағы жоғары кәсіби нәтижелерге қол жеткізудің мүмкін модельдерін жобалау қызметі.
- 11.16. Білім алушыларға қатысты шығарушы кафедралардың кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары: еңбек нарығының талаптарын, өңірдің ерекшелігін ескере отырып, мамандарды даярлау; түлектерді жұмысқа орналастыру, олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша ұзақ мерзімді келісім-шарт негізінде оқу орны мен жұмыс берушілердің бірлескен қызметін жүзеге асыру; білім алушыларды практикалық кәсіптік қызметке бағдарлау, кәсіптік-бағытталған пәндерді оқыту шеңберінде мамандықпен таныстыру; болашақ жұмысқа орналасу орны бойынша кәсіпорындарда (ұйымдарда) студенттердің практиканың әр түрлі түрлерінен өтуін ұйымдастыру.
- 11.17. Білім алушыларға қатысты шығарушы кафедралардың кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі түрлері: өндіріске экскурсиялар, экономиканың нақты секторларының жұмыс берушілері мен олардың өкілдері қатыстырылған семинарлар, дөңгелек үстелдер, мастер-кластар, ашық дәрістер, «Мансап күндері», компаниялардың, ұйымдардың тұсаукесерлері, «Ашық есік күндері», жұмыс біліктілігін меңгеру және т. б.
- 11.18. Факультет деканаттарының ЖОО-дағы кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қатысуы келесі міндеттерді жүзеге асыруды көздейді: кәсіби мүдделерді, бейімділікті, қабілеттілікті қалыптастыру және дамыту; негізгі, жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру; кәсіби маңызды құндылық-мағыналық ұстаным қалыптастыру.
- 11.19. Факультет деканаттарының (институт директорының) кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары: факультетте оқу-тәрбие жұмысын басқару; жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін ББ жүзеге асыру; оқу үдерісін, кәсіби практикаларды ұйымдастыруды бақылау және реттеу; кәсіби құзыреттілікті меңгеру сапасын мониторингілеу; зертханаларда, ғылыми қоғамдарда өткізілетін білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруды бақылау; факультет түлектерімен байланысты ұйымдастыру; факультет құрамына кіретін кафедралардың пәндері бойынша оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды дайындауды бақылау және жалпы басқару; факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту; студенттердің кәсіби қызығушылықтарын, бейімділігі мен қабілеттерін дамыту үшін әлеуметтік маңызы бар, мәдени-бос уақыт қызметін ұйымдастыру.

- 11.20. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да кәсіптік бағдар беру жұмыстарын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын психологиялық кеңес беру кабинеті білім алушылардың екінші кәсіби бағдарында белсенді рөл атқарады.
- 11.21. Психологиялық кеңес беру кабинетінің кәсіби бағдар беру жұмысы келесі бағыттар шеңберінде ұйымдастырылады: кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету (білім беру траекториясын таңдау); білім алушыларды психологиялық қолдау; білім алушыларда кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту; кәсіби қызметке психологиялық дайындық диагностикасы; «Еңбек нарығындағы өзін-өзі таныстыру және тиімді мінез-құлық» оқыту тренингтерін ұйымдастыру.
- 11.22. Білім алушылардың екінші кәсіби бағдарында МжЖҚО ерекше рөл атқарады.
- 11.23. МжЖҚО қызметінің негізгі мақсаты кәсіптік практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру, қамтамасыз ету және үйлестіру, білім алушылар мен бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, білім алушылар мен бітірушілерге кәсіптік қызмет және мансап мәселелері бойынша кеңес беру болып табылады.
- 11.24. Қайта бағдарлау (кәсіптік қайта даярлау) алдыңғы жоғары білім базасында жаңа мамандық алу, магистратурада оқу немесе Қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты базасында біліктілігін арттырудан өту шеңберінде қамтамасыз етіледі.
- 11.25. Қайта бағдарлау (кәсіптік қайта даярлау) шеңберінде Қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты мыналарды жүзеге асырады: маманның үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету (біліктілікті арттыру, кәсіптік қайта даярлау); мамандардың ғылымның қандай да бір саласында және нақты өндіріс секторында жаңа жетістіктер, алдыңғы қатарлы шетелдік және отандық тәжірибе туралы білім алуда қажеттіліктерін қанағаттандыру.
- 11.26. ЖОО жұмысының тиімділігінің, білім беру бағдарламаларының сапасының маңызды көрсеткіші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші болып табылады.
- 11.27. Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жұмыспен қамту саласындағы ұйымдармен және басқа да ұйымдармен және кәсіпорындармен сыртқы байланыстарды жүзеге асырумен байланысты іс-шаралар кешенін қамтиды; университет білім алушылары мен түлектерінің деректер банкін құру; бос орындар жәрмеңкесін өткізу.
- 11.28. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жүйесі ЖОО-ның келесі құрылымдық бөлімшелерінен тұрады: ректорат, академиялық қызмет жөніндегі департамент, МжЖҚО, факультеттер, кафедралар (кафедра меңгерушілері және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге жауаптылар). Бітірушілерді жұмысқа орналастыру процесін жетілдіру және жүзеге асыруда университеттің келесі органдары маңызды рөл атқарады: Байқау кеңесі, Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес.
- 11.29. Осы жүйеге қатысушылардың өзара іс-қимылының негізгі мақсаты түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу болып табылады.
- 11.30. Бітірушілерді жұмысқа орналастыру жүйесіндегі негізгі буындар МжЖҚО және факультеттер болып табылады.
- 11.31. МжЖҚО келесіні жүзеге асырады: аймақтық еңбек нарығының маман-бітірушілерге қажеттілігін талдау; өңірдің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау; М. Қозыбаев атындағы СҚМУ бойынша бос жұмыс орындарының деректер банкін қалыптастыру; М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларына арналған оқу семинарларын, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру; бітірушілердің мәліметтер базасын қалыптастыру; білім алушылардың уақытша жұмысқа орналасуына жәрдемдесу; білім алушылардың тағылымдамалары

мен тәжірибелерін ұйымдастыру; бітірушілердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу; бітірушілердің жұмысқа орналасу тиімділігін талдау; М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларына арналған оқыту семинарларын, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру; мамандықтар жәрмеңкесін өткізу; жұмыс берушілермен кездесулер өткізу; басқа жоғары оқу орындарымен, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау; бітірушілер мен студенттерді еңбек нарығы және білім беру қызметтері нарығы туралы деректермен қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе құру, түлектердің жұмысқа орналасуына және мансаптық өсуіне жәрдем көрсету бойынша жұмыстың нәтижелілігі мен негізгі бағыттарын талдау; кафедралардың, факультеттердің университеттің әлеуметтік серіктестерімен өзара іс-қимылын үйлестіру.

- 11.32. Жоғары оқу орнында оқу бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету шеңберінде келесі қызмет бағыттары іске асырылады: түлектерді жұмысқа орналастыру, олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша ұзақ мерзімді келісім-шарт негізінде оқу орны мен жұмыс берушілердің бірлескен қызметі; студенттерді жеке жұмысқа орналастыруды және бөлуді ұйымдастыру; түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпараттық және консультациялық жұмыс; жұмысқа орналасу мәселелері бойынша тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу («Жұмысқа орналасу кезіндегі өзін - өзі таныстыру негіздері» тренингі, «Түйіндеме - табысқа жету жолындағы алғашқы қадам» семинары).
- 11.33. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ барлық білім алушылар мен түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.
- 11.34. Университет квота бойынша түскен ауыл (село) жастары қатарынан білім алушыларды және мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын білім гранттарының иегерлерін жұмысқа орналастыруға бірінші кезекте назар аударады.
- 11.35. Ақылы негізде білім алушыларға еркін жұмысқа орналасу құқығы беріледі. Сонымен қатар, ЖОО жұмысқа орналасуға мұқтаж түлектерге көмек көрсетеді.
- 11.36. Ұйымдармен шарт негізінде дайындалған түлектер шарт талаптарына сәйкес жұмысқа жіберіледі.
- 11.37. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ұйымдарға, мекемелерге, кәсіпорындарға еңбек нарығындағы бос жұмыс орындары туралы жүйелі түрде сұраныс беруді жүзеге асырады.
- 11.38. Бос орындар туралы ақпарат университеттің сайтында «Жұмысқа орналастыру» бөлімінде орналастырылады.
- 11.39. Жыл сайын факультеттерде түлектерді алдын ала бөлу жүргізіледі (10 желтоқсанға дейінгі мерзімде), оған МжЖҚО ұсынған бар бос орындар, болашақ жұмысқа орналасу орындарынан қолдау хаттар негізінде, болашақ жұмыс берушілер шақырылады. Алдын ала бөлу нәтижелері білім алушыларды өндірістік, педагогикалық және диплом алдындағы практикаға жіберу кезінде ескеріледі.
- 11.40. Жыл сайын мамыр айында түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында Петропавл қаласы мен СҚО жұмыс берушілерінің қатысуымен бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізіледі.
- 11.41. Бітірушілерді соңғы бөлуді жас мамандарды бөлу жөніндегі комиссия жүзеге асырады (1 маусымға дейін). Комиссия жұмысы барысында бөлінген түлектерге болашақ жұмысқа орналасу орны бойынша жұмысқа жолдама беріледі.
- 11.42. Жас мамандарды бөлу жөніндегі комиссия отырыстарының қорытындысы бойынша ауылдық квота бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған түлектерді/жас мамандарды дербес бөлу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы дайындалады, ол «қаржы орталығы» АҚ жіберіледі.



- 11.43. Студенттерді бөлу туралы ақпарат (кафедрадан жұмысқа орналасуға жауапты) электронды ректоратқа «түлектерді бөлу» интерфейсіне енгізіледі.
- 11.44. Түлектер ЖОО бітірген жылы 15 қыркүйекке дейін М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-ға тапсырады. Фактісін растайтын, жұмысқа орналастыру (жұмыс орнынан анықтама). Ауылдық квота шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған түлектер/жас мамандар кәсіптік практика және жұмысқа орналасу бөліміне жұмысқа орналасу фактісін растайтын құжаттарды ұсынады. Бітірушілердің барлық басқа санаттары бітіруші кафедраға жұмысқа орналасу фактісін растайтын құжаттарды ұсынады.
- 11.45. Кафедрадан жұмысқа орналасуға жауапты тұлға Электронды ректорат жүйесіне, «Түлектерді бөлу» интерфейсіне ақпарат енгізеді және одан кейін бітірушілердің жұмысқа орналасуын растау үшін МжЖҚО-ға құжаттарды ұсынады.
- 11.46. Бітірушілердің жұмысқа орналасуын және мансаптық өсуін қадағалау: жұмысқа қабылдау фактісін растайтын жұмысқа жолдамаларды растау (жұмысқа жолдама түлектерге бөлу нәтижелері бойынша беріледі); жұмысқа орналасу фактісін растайтын жұмыс орнынан анықтама; ЖОО-ның ресми сұрауларына жұмыс берушілердің жауаптарын ұсыну негізінде жүзеге асырылады.
- 11.47. Кафедра, факультет, МжЖҚО түлектердің жұмысқа орналасуына және мансаптық өсуіне жүйелі түрде талдау жасайды.
- 11.48. Университет өз түлектерімен үнемі байланыста болады.
- 11.49. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да түлектер қауымдастығы құрылған және жұмыс істеуде.

## **12. Дуальді оқыту элементтерін іске асыру саясаты**

- 12.1. Экономика салаларының нақты қажеттіліктерін ескере отырып, білікті кадрларды даярлау моделін жетілдіру және практикалық-бағдарланған оқытуды жүзеге асыру мақсатында М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да дуальді оқыту элементтері (ДОЭ) жүзеге асырылады.
- 12.2. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да ДОЭ жүзеге асыру Университетпен қатар Кәсіпорында өндіріс-практиктерді тарта отырып оқу процесіне және оқу сабақтарын және оқу жұмысының өзге де түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.
- 12.3. ДОЭ жүзеге асыру бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру процесіне Кәсіпорындардың тікелей қатысуын болжайды.
- 12.4. ДОЭ жүйесінің элементтерін іске асыру қатысушылары М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Кәсіпорын және студенттер болып табылады.
- 12.5. Университетте ДОЭ енгізудің негізгі мақсаты ЖОО-да және кәсіпорында қатарлас оқытуды іске асыру жолымен білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.
- 12.6. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да ДОЭ жүзеге асыру міндеттері: жұмыс берушілердің талаптарына барынша сәйкес келетін мамандарды даярлау; білім алушыларды мамандық бойынша сапалы кәсіби даярлықпен қамтамасыз ету және олардың өндіріс жағдайларына барынша бейімделуіне жәрдемдесу; өндірістің технологиялық сұраныстарына барынша жақындатылған практикалық-бағытталған оқыту; университеттің жұмыс берушілер тұлғасындағы әлеуметтік серіктестермен өзара байланысын қамтамасыз ету; білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сатыларында университеттің кәсіпорындармен өзара іс-қимылын кеңейту; университет түлектерінің тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру; түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету.

- 12.7. ДОО негізгі компоненттері болып табылады: жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген ББ, кафедра бөлімшесін ұйымдастыру туралы шарт, Кәсіпорынмен келісілген тәжірибе графигі, оқу процесіне тартылған өндірісшілер-практиктер.
- 12.8. ДОО аясында оқу процесін ұйымдастыру жұмыс берушілердің қатысуымен Академиялық комитеттердің Кәсіби Стандарттар мен салалық біліктілік шеңбері негізінде әзірлеген ББ сәйкес академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.
- 12.9. ББ қалыптастырудың негізгі принципі қазіргі еңбек нарығының және экономиканың нақты секторларының қажеттіліктерін барынша ықтимал есепке алу болып табылады.
- 12.10. Оқ оқу сабақтары барысында нақты практикалық жағдайлар талқыланады және кәсіпорындарда пайда болатын өндірістік міндеттер шешіледі у процесі университетте және кафедра бөлімінің базасында теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды.
- 12.11. Оқу сабақтары барысында нақты практикалық жағдайлар талқыланады және кәсіпорындарда пайда болатын өндірістік міндеттер шешіледі.
- 12.12. Оқытудың дуальді жүйесінің элементтерін іске асыруды көздейтін ББ бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру теориялық оқытуды өндірісте практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте пәннің оқу материалының 40% тікелей өндірісте, соның ішінде кафедра бөлімшелері базасында практик мамандарды немесе М. Қозыбаев атындағы СҚМУ базасында практик мамандарды тарта отырып игерілуі тиіс.
- 12.13. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да ДОО жүзеге асыру аясында тікелей нақты өндіріс жағдайында студенттерге сабақ өткізуге мүмкіндік беретін кафедра бөлімшелері қызмет етеді.
- 12.14. ДОО іске асыруды қарастыратын ББ бойынша кафедра бөлімшелерінің болуы міндетті болып табылады.
- 12.15. Кафедра бөлімшелері ІНҚ СҚМУ 72 М. Қозыбаев атындағы СҚМУ кафедра бөлімшелері туралы типтік ережеге сәйкес құрылады және жұмыс істейді.
- 12.16. Дуальді оқыту жүйесінің элементтерін іске асыруды қарастыратын ББ бойынша 6B062 Телекоммуникациялар, 6B071 Инженерия және инженерлік іс, 6B072 өндірістік және өңдеу салалары, 6B073 сәулет және құрылыс, 6B081 Агрономия, 6B082 Мал шаруашылығы ББ-ның 2 курс білім алушыларының ЖОО бюджеттен тыс қаражаты есебінен ББ бейініне сәйкес жұмыс біліктілігін алуға мүмкіндіктері бар.
- 12.17. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ өндірісшілер-практиктерді қоса атқару бойынша еңбек шарты жағдайында, сондай-ақ сағат бойынша ақы төлеу негізінде білім беру қызметтерін көрсету шарттары жағдайында қабылдау мүмкін.
- 12.18. ДОО жүзеге асыруда студенттердің кәсіптік тәжірибесінің алатын орны маңызды.
- 12.19. ДОО жүзеге асыратын ББ бойынша кәсіптік тәжірибені жоспарлау және ұйымдастыру осы Академиялық саясаттың, кәсіби практиканы ұйымдастыру және өткізу және практика базасы ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) анықтау саясаты негізінде жүзеге асырылады.
- 12.20. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде университетте дуальды оқыту элементтерін іске асыру тоқтатылады.

*Академиялық саясат М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Ғылыми кеңесінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №2 хаттамасымен бекітілген.*



## АКАДЕМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

### Введение

Северо-Казахстанский государственный университет им. М.Козыбаева (далее СКГУ им. М. Козыбаева) - крупнейший региональный центр образования, науки и культуры Северного Казахстана, оказывающий образовательные услуги высшего и послевузовского образования.

Университет является одним из старейших высших учебных заведений Республики Казахстан. Он основан в 1937 году как Петропавловский учительский институт. За свою 80-летнюю историю СКГУ им. М. Козыбаева прошёл путь от учительского института до многопрофильного университета.

В 1939 году Петропавловскому учительскому институту был присвоен статус государственного, в 1945 году – имя великого педагога К.Д. Ушинского. С 1955 года университет начал функционировать как Петропавловский педагогический институт им. К. Д. Ушинского. В 1994 году Петропавловский педагогический институт им. К. Д. Ушинского преобразован в Северо-Казахстанский университет. В 1996 году произошло объединение Северо-Казахстанского университета и Высшего технического колледжа в единое высшее учебное заведение – Северо-Казахстанский университет. В 2001 году Северо-Казахстанскому университету присвоен статус государственного вуза, а в 2003 году присвоено имя выдающегося ученого-историка, известного государственного и общественного деятеля академика Манаша Козыбаева.

СКГУ им. М. Козыбаева – классический университет, осуществляющий трехуровневую подготовку высококвалифицированных кадров по программам бакалавриата, магистратуры и докторантура PhD.

**Миссия СКГУ им. М. Козыбаева** заключается в том, чтобы быть интеллектуальным центром образования, науки и культуры, содействуя инновационному развитию Северного Казахстана.

**Видение СКГУ им. М. Козыбаева:** вхождение в десятку лучших многопрофильных вузов Казахстана; развитие единой информационно-аналитической, научно-инновационной и образовательной среды; интеграция в мировое образовательное пространство при сохранении академических ценностей и развитии предпринимательской культуры; формирование у выпускников исследовательских навыков и востребованных компетенций; развитие личности гражданина-патриота, способного к самореализации в современном обществе на благо развития Казахстана.

Университет осуществляет подготовку квалифицированных кадров по 10 областям образования: Педагогические науки; Искусство и гуманитарные науки; Социальные науки, журналистика и информация; Бизнес, управление и право; Естественные науки, математика и статистика; Информационно-коммуникационные технологии; Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли; Сельское хозяйство и биоресурсы; Здравоохранение и социальное обеспечение (медицина); Услуги.

В структуру университета входят 8 факультетов (высшая школа медицины, институт языка и литературы, факультет инженерии и цифровых технологий, агротехнологический факультет, факультет истории, экономики и права, педагогический факультет, факультет математики и естественных наук, факультет «Foundation»), 32 кафедр (в том числе военная кафедра, кафедра Ассамблеи народа Казахстана, Клиническая кафедра «Внутренние болезни»).

В вузе сформированы достойная материально-техническая база, высокий научный и кадровый потенциал, получают развитие современные информационные технологии, функционируют инновационные учебные и научные лаборатории.

В СКГУ им. М. Козыбаева сформированы высокий научный и кадровый потенциал, получают развитие современные информационные технологии, функционируют инновационные учебные и научные лаборатории (микробиологии, цитологии и гистологии, анатомии, физиологии, морфологии человека, «Робототехника», нанотехнологий и атомно-силовой микроскопии, оптики, атомной и ядерной физики, экспериментальной физики, технологии продовольственных продуктов, «Оценка качества плодородия почв и растениеводческой продукции» и др.), IT-центр, Центр обслуживания и регистрации студентов (по принципу одного окна). Созданы все условия для обучения и подготовки квалифицированных кадров, основанных на принципе студентоориентированного обучения, преподавания и оценки

### **Основные положения академической политики**

В целях исполнения 78 шага Плана нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ» и «Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы», совершенствования качества подготовки кадров, отвечающих уровню развития современных отраслей экономики и запросам современного рынка труда, вузам РК в 2018 году предоставлена академическая, управленческая и финансовая самостоятельность с учетом опыта Назарбаев Университета.

Академическая свобода не только предоставляет СКГУ им. М. Козыбаева самостоятельность в решении вопросов приема студентов, установлении соотношения между профессорско-преподавательским составом и контингентом обучающихся, формировании кадрового состава ППС, определении структуры и содержания образовательных программ, дисциплин, формирования студенческого контингента в разрезе образовательных программ и направлений подготовки, но и социальную ответственность и подотчётность вузов перед обществом за результаты своей деятельности, за качество подготовки специалистов, постоянное совершенствование качества образовательных программ и учебного процесса с учетом потребностей работодателей и запросов рынка труда, рост конкурентоспособности университетов через расширение интернационализации, экспорта образовательных услуг с продвижением образовательных программ.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года, Болонской декларацией и другими международными документами в сфере образования СКГУ им. М. Козыбаева с 2004 года внедрил и реализует трехуровневую систему подготовки кадров по образовательным программам бакалавриата, магистратуры, докторантуры и кредитную технологию обучения.

При реализации академической самостоятельности вуза основополагающими документами являются: Политика и стандарты внутреннего обеспечения качества, Академическая политика и Политика академической честности.

Настоящая Академическая политика СКГУ им. М. Козыбаева представляет собой систему мер, правил и процедур по планированию и управлению образовательной деятельностью и эффективной организации учебного процесса, направленных на реализацию студентоориентированного обучения и повышение качества образования.

Представленная Академическая политика включает: политику выбора образовательных программ; политику приема; политику взаимоотношений академического сообщества университета; политику регистрации обучающихся на учебные дисциплины; политику планирования, организации и реализации учебного процесса; политику организации и проведения профессиональной практики и определения предприятий (организаций) в качестве баз практик; политику оценивания учебных достижений обучающихся; политику перевода, восстановления, отчисления и предоставления академических отпусков; политику академической мобильности, политику интернационализации, политику реализации элементов дуального обучения; политику профессиональной ориентации, трудоустройства и карьерного роста выпускников.

Академическая политика СКГУ им. М. Козыбаева основана на принципах академической честности, внутреннего обеспечения качества, инноваций и интернационализации.

Академическая политика обязательна для исполнения всеми структурными подразделениями университета, ППС, сотрудниками и обучающимися. Нарушение требований Академической политики является основанием для применения к должностным лицам университета, ППС, сотрудникам и обучающимся мер дисциплинарного воздействия в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами вуза.

Академическая политика СКГУ им. М. Козыбаева разработана на основе действующего законодательства в области образования с учетом приоритетов и задач, стоящих перед вузом:

- 1) Закон Республики Казахстан № 319-III «Об образовании» от 27 июля 2007 года;
- 2) Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года, утвержденный указом Президента Республики Казахстан № 636 от 15 февраля 2018 года;
- 3) План нации «100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ», утвержденный Президентом Республики Казахстан 20 мая 2015 года;
- 4) Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, утвержденная постановлением Правительства Республики Казахстан № 460 от 24 июля 2018 года;
- 5) Правила направления специалиста на работу, предоставления правсамостоятельного трудоустройства, освобождения от обязанности или прекращения обязанности по отработке гражданами, обучавшимися на основе государственного образовательного заказа, утвержденные Постановлением Правительства Республики Казахстан № 390 от 30 марта 2012 года;
- 6) Типовые правила деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и (или) послевузовского образования, утвержденные приказом Министра образования и науки, Республики Казахстан № 595 от 30 октября 2018 года;
